

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

ЗЕРТТЕУЛЕРІ: ҚАЗАҚСТАН

МЕДЕУОВА Ғ.Ж
РАХИМОВА З.С
ҚҰРАСБАЕВА А.Ж.
ҚОЙЛЫБАЕВ ЖАСҰЛАН
ЖҰМАХМЕТОВА З.Ж.
ЕРАЛИЕВА Т.Е.
МҰРАТБАЕВА Г.Ә.
ҚОҢЫРБАЕВА С.С.
БЕЙСЕМБАЕВА К.Д.
ИЗМАГАМБЕТОВА РАИСА
БУЛАБАЕВА САУЛЕ
ИЗМАГАМБЕТОВА РАЙЛЯ
СМАНОВ А.А.
ХАЛИТОВА И.Р.
САДЫҚОВА М.К.
САГИДУЛИНА Л.С.
ОРЫНБАСАРОВА К.К
КСЕТАЕВА Г.К
АМАНЖОЛОВ Т.А
ҚАЗИЕВА А.Т
АСАН М.А
КРЫКБАЕВА С.М.
ИМАНКУЛОВА Л.Б.
БАКИРОВА Л.Ш.
КИПШАКОВ С.А



ISBN
978-605-68667-0-8
2018

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЗЕРТТЕУЛЕРІ: ҚАЗАҚСТАН

МЕДЕУОВА Ғ.Ж
РАХИМОВА З.С
ҚҰРАСБАЕВА А.Ж.
ҚОЙЛЫБАЕВ ЖАСҰЛАН
ЖҰМАХМЕТОВА З.Ж.
ЕРАЛИЕВА Т.Е.
МҰРАТБАЕВА Г.Ә.
ҚОҢЫРБАЕВА С.С.
БЕЙСЕМБАЕВА К.Д.
ИЗМАГАМБЕТОВА РАИСА
БУЛАБАЕВА САУЛЕ
ИЗМАГАМБЕТОВА РАЙЛЯ
СМАНОВ А.А.
ХАЛИТОВА И.Р.
САДЫҚОВА М.К.
САГИДУЛИНА Л.С.
ОРЫНБАСАРОВА К.К
КСЕТАЕВА Г.К
АМАНЖОЛОВ Т.А
ҚАЗИЕВА А.Т
АСАН М.А
КРЫКБАЕВА С.М.
ИМАНКУЛОВА Л.Б.
БАКИРОВА Л.Ш.
КИПШАКОВ С.А.



ISBN
978-605-68667-0-8

Institution Of Economic Development And Social Researches Publications®

(The Licence Number of Publicator: 2014/31220)

TURKEY TR: +90 342 606 06 75

USA: +1 631 685 0 853

E posta: kongreiksad@gmail.com

www.iksad.org

www.iksadkongre.org

İtabın tüm hakları İKSAD Yayınevi'ne aittir.

İzinsiz çoğaltılamaz, kopyalanamaz.

Metinlerden etik ve yasal olarak yazarlar sorumludur

Iksad Publications - 2018© ISBN – 978-605-68667-0-8



ISBN

978-605-68667-0-8

МАЗМҰНЫ

МЕДЕУОВА Ғ.Ж
РАХИМОВА З.С
ҚҰРАСБАЕВА А.Ж.
ҚОЙЛЫБАЕВ ЖАСҰЛАН
БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

4

ЖҰМАХМЕТОВА З.Ж.
ЕРАЛИЕВА Т.Е.
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТРЕНДТЕР МЕН
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ
ҒЫЛЫМДАҒЫ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

25

МҰРАТБАЕВА Г.Ә.
ҚОҢЫРБАЕВА С.С.
БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ
БАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІ

49

БЕЙСЕМБАЕВА К.Д.
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚАЖУЫН АЛДЫН АЛУ
МӘСЕЛЕСІ

63

**ИЗМАГАМБЕТОВА РАИСА
БУЛАБАЕВА САУЛЕ
ИЗМАГАМБЕТОВА РАЙЛЯ**
БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖАНДАНДЫРУДЫҢ
АСПЕКТІЛЕРІ

79

СМАНОВ А.А.
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ -
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
МАҢЫЗЫ

95

**ХАЛИТОВА И.Р.
САДЫҚОВА М.К.**
БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ БАСҚАРУ
ҰСТАНЫМДАРЫ

104

**САГИДУЛИНА Л.С.
ОРЫНБАСАРОВА К.К
КСЕТАЕВА Г.К
АМАНЖОЛОВ Т.А
ҚАЗИЕВА А.Т
АСАН М.А.**

**ЖОО-ДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮРДІСІНЕ
ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР**

117

**КРЫКБАЕВА С.М.
ИМАНКУЛОВА Л.Б.
БАКИРОВА Л.Ш.
КИПШАҚОВ С.А.**

**ЖОО БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕР МАМАНДАРЫНА
КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ**

138

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Медеуова Ғ.Ж.

Рахимова З.С.

Құрасбаева А.Ж.

Қойлыбаев Жасұлан

Бұл мақалада білім беру жүйесінің алдында қоғам дамуының қай кезінде болмасын үлкен міндеттер тұрғаны белгілі.

Өйткені білім беруді дамыту арқылы, мемелекттің өсіп өркендуіне жақсы жол ашылары сөссіз. Қазір қоғамның өзгеруіне байланысты білім беру әдістері де, білімнің көлемі де үнемі өзгеріп, дамып отырады. Жаңа педагогикалық технологияларға білім беруді ізгілендіру технологиясы, түсіндіре басқарып, озат оқу технологиясы, деңгейлеп саралап оқыту технология, міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы және дамыта оқыту технологиясы кіреді. Дамыта оқыту технологиясының басты міндетті оқушыларды өз

бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдылық икемділіктерін дамыту.

Ізгілендіру технологиясының мақсаты баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту.

Озат оқыту технологиясы барлық балаларды табысты оқыту, сараптау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қиыншылықтарын жеңу. Деңгейлеп саралап оқыту, оқушыға оқу деңгейін таңдауға ерік беру.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологиясын шығаруға ұмтылу. Білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және өзін-өзі дамытып оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологиялар қызықты әрі сапалы жүргізудің жинақталғын тәсілі бола келіп, оқылатын пәндердің жете меңгерілуіне әсер етеді. Оқу жүйесіне тың тәсілдер жүйесінің тиімді технологиясының енуі - бүгінгі күннің талабы. Бұл жағдайда мұғалімнің алға қойған маңызды

міндеттері орындалып, талабы таудай жеке тұлға қалыптасатыны сөссіз. Әр оқушының қабілетін танып білуге жаңашыл жұмыс, жаңашыл ізденіс оң нәтиже береді. Қойылған педагогикалық мақсатты нәтижеге дейін жеткізуге арналған "оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту" бағдарламасының оң нәтижесін беретін құрылымдық ерекшелігін оқытушыларымыз жақсы түсіндіреді, өз тәжірбиесіне жан-жақты енгізеді. Мұғалім білім беру үрдісінде сабақты құрамдас бөліктерге бөліп, оқушының пәнге деген қызығушылығын ояту, ойлау мен үйренуге бағытталған жаңа мағынаны тану, жаңа материалды ой-толғаныс кезеңінен өткізіп оқушы өзін-өзі бағалауға, салыстыруға, қорытынды жасауға үлкен мүмкіндік береді. Педагогикалық технологияның бұл түрінде баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру алға қойылады.

Заман талабына лайық қызмет ететін оқытушылар білім сапасын арттыру үшін жаңа педагогикалық технологиялады кеңінен пайдалану керек.

Кілттік сөздер: технология, диагностика, деңгейлеу, саралау, дамыту, озық, модульдеу, ізгілендіру, сын тұрғысынан, оқыту.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілікпен салауатты өмір сүруге берік негізін қалыптастыру, жеке адамның шығармашылық және эстетикалық қабілетін дамыту, қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін оқып үйрену үшін жағдайлар жасау, рухани бай, азаматтың ары таза, ой-еңбегі сай, сегіз қырлы бір сырлы етіп тәрбиелеу қажет.

XXI ғасыр – білімділер ғасыры болмақ. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер тәрбие керек, білім қрек. Еліміздің, қоғамының экономикалық, саяси-мәдени дамуына үлес қосатын, әлеуметтік цивилизацияға көтерілетін, парасатты, денсаулығы мықты азаматын тәрбиелеп шығару – ұстаздар қауымының басты міндеті.

Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуына бағытталған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді

жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жақсартумен қатар, оқудың әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру қажеттігі көрсетілген.

Елдегі білім берудің дамуын сипаттай келе, Президент Қазақстан өмірдің барлық саласында, соның ішінде білім беру мен ғылымда да көптеген міндеттерді шешу мүмкін болатын дамудың жаңа кезеңіне шыққанын атап өтіп, «Жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгендей біршама емес, әлде қайда жоғары болуы тиіс – бұл уақыт талабы» деп, ұстаздар қауымына жауапты талап қойды [1].

Әр заманның өзіне тән экологиялық, саяси-әлеуметтік және идеологиялық ерекшеліктері болатыны айқын. Сол сияқты, бүгінгі күннің оқыту үдерісінде, ұрпақ тәрбиесінде де ерекшелік бар.

Жаһандану дәуірінде Қазақстанның білім беру саласын алдында болашақ ұрпақ тәрбиесін жақсарту үшін тың көзқарастар қажет. Халқымыз «Тауына қарай аңы, заманына қарай заңы» деп тауып айтқан.

Өскелең ұрпақты қоғам талаптары мен оның мақсат-міндеттеріне сай өмір сүруге бейімдей отырып, оқытып, тәрбиелеу – білім беру ұйымының басты

міндеті. Қай заманда да білім беру ұйымы қоғамның әлеуметтік-экономикалық салаларындағы өзгерістерге икемделіп отырған. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Рухани жан дүниесі бай, халқын сүйген, ата-баба жерін қадірлейтін ұрпақ қана болашақ тірегі бола алады. Жан дүниесі ұлттық рухани мұрамен сусындап, сапалы білім алған саналы жас ұрпақты тәрбиелемей, ел мәдениеті көтерілмейді [2].

Сондықтан мұғалімның алға қойған маңызды міндеттерінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны іздеп табу, оны өсіру. Әр оқушының қабілетін танып-білім дамытып, жеке тұлға дәрежесіне жеткізу үшін, жаңашыл педагогикалық қызмет пен іс-әрекетке басымдық танытып, бейім болу керек.

Еліміздің қоғамдық өмірінің барлық саласында, соның ішінді білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру оқу мазмұнын осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға ол ашты. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда.

Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуды. Бұл педогогика теориясы мен оқу-тәрбие

үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Яғни, білім беру педогогикасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңа педогогикалық қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда. Атап айтқанда:

- білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылауымен баии түсуде;

- ақпараттың дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

- баланың еке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлуде;

- мектеп, отбасы және қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне кешенді ұмтылыс жасалуда;

- қоғамдық біліммен бара-бар педогогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде;

- әрбір педогогикалық ұжым кәсіби қауымдастыққа бет алуда.

Бұл ерекшеліктер баланың оқу қызметінің субъектісі ретінде өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Жоғарыда аталып кеткеннің бәрі өзін-өзі танудың аспектілері. Мұндай жағдайда педогогикалық процестің маңызды құрамы, оқу ісіндегі субъектілер мұғалім мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Жаңа білім педогогикасы бірінші орынға баланың білімі, білік, дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуына айрықша маңыз бергендігі байқалып отыр.

Қазіргі уақытта педогогика ғылымының ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыу технологиясын шығаруға ұмтылуы.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. АҚШ-та, Ұлыбританияда, Ресейде т.б. жүргізілген зерттеулерде оқытудың технологиялық тәсілінің тиімділігі дәлелденген .

Жаңа технологияның меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азамттық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық-педогогикалық бағыттағы негізгі ойтұжырымдарын төмендегіше сипаттауға болады:

- есте сақтауға негізделген оқып білім алудан бұрынғы меңгергенді пайдалана отырып, ақыл-ой дамытатын оқуға көшу;

- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;

- оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Бір технологияның өзі әр түрлі атқарушылардың шеберлігіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін. Қазіргі кезде әдебиеттерден қазіргі заманғы білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын елуден астам педогогикалық технологиялар қолданылып жүргендігі мәлім. Жаңа технологиялар қызықты әрі сапалы жүргізудің жинақталған тәсілі бола

келіп, оқытылатын пәндердің жете меңгерілуіне әсер етеді. Оқу жүйесіне тың тәсілдер жүйесінің, тиімді технологиясының енуі – бүгінгі күннің талабы.

Сабақ – ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбек етуінен туатын педогогикалық шығарма. Ал осы «шығарманы» алдында отырған оқушыларға игертуде оңай шаруа емес. Ол үшін мұғалімнің біліктілігі, іскерлігі көптеген әдіс-тәсілдерді қолдана білуі, айтқанын оқушы жүрегіне жеткізе алатындай шешендігі, шебер ой-өрісі болуы керек.

Сабақ үстінде небір күрделі қиындықтар, оқыс әрекеттер кездеседі. Шебер ұстаз соның бәріне төтеп беріп, ешқандай жағдаятқа жол бермей, сабақ үдерісін түрлендіре білсе ғана нәтижеге жететіні сөзсіз.

Сондықтан оқушылардың сұраныстарын, қызығушылықтарын ескеріп, оқыту процесін әр бейінде, оқу материалын игерудің түрлі топтарына негіздеп құруымыз керек. Ол үшін мектепте мұғаліммен оқушы арасында дұрыс қарым-қатынас орнатылып, оқушының қаеттілігін анықтап, осы арқылы табысқа, нәтижеге жетуіміз керек. Осы бағытта мақсаттарды дұрыс қоя білсек, атқарылатын жұмыстарымыздың нәтижесі табыс критерийлері арқылы өлшеніп отырады.

Мұғалім үшін	Оқушы үшін	Мектеп үшін
<p>Білім беру деңгейі жаңа деңгейге шығарылады;</p> <p>Мұғалімдер оқыту тәжірбиесін жетілдіреді;</p> <p>Деңгейлік жұмыстар ұйымдастырады;</p> <p>Өз пәнінің мазмұнын толығымен жеткізіп, қалыптастыра алады;</p> <p>Теориялық және тәжірбиелік білімдердің біртұтастығы;</p> <p>Мұғалімдер сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілін меңгереді, оқу үрдісіне тиімді пайдаланады;</p> <p>Шығармашылық әлеуеті өседі;</p> <p>Кәсіби-жеке тұлғалық құзіреттілігін жетілдіреді;</p>	<p>Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамиды;</p> <p>Оқушылардың өздігінен ізденуіне мүмкіндік беріледі;</p> <p>Эксперименттік жұмыстар барысында өз деректерін жинауға, талдауға негізделген есептеулер мен қорытынды жасауға үйренеді;</p> <p>Өздігінен болжам жасайды;</p> <p>Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау;</p> <p>Ойлаудың жоғары деңгейі қалыптасып, жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындайды;</p> <p>Кәсіби жолын таңдай алуға үйренеді;</p>	<p>Білім беру мазмұны жаңарады;</p> <p>Болашаққа бағдарланады;</p> <p>Оқушылардың сапалық көрсеткіштері артады;</p> <p>Оқушылар түрлі сайыстарға тартылады;</p> <p>Жетістікте р пайызы артады;</p>

Қазіргі білім жүйесінде кеңінен қолданып үрген, оқушыларымыздың тәжірбиесіне еніп үлгерген технологиялардың кейбіреулердің ерекшелігін айқындай түссек артық болмас. Осындай технологиялардың бірі – Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы – оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуы мен жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі деңгейлеп оқыту – оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Бұл технологияларда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білімалуға белсенділігіне аса назар аударады.

Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді [3].

**Деңгейлеп-саралап окуту технологиясымен
жұмыс жүргізгендегі оқушы мен мұғалім іс-әрекеті**

Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1. Дайындық кезең	Оқушылардың оқу материалын базалық, бағдарламалық, күрделенген деңгейлер бойынша меңгеруін анықтау.	
2. Диагностикалық кезең	Білімді меңгеру деңгейін анықтайтын тапсырмалар дайындау. Оқушылар білімін диагностикалау. Оқушылардан сауалнама алу, сынып жетекшісімен, ата-аналармен сұхбаттасу.	Оқушы өзінді таңдау жасайды.
3. Оқушыларды топтарға бөлу кезеңі	Топқа бөлуді ұйымдастыру, әр топ үшін оқу мазмұнын анықтау, нақты талаптар дайындау.	Топты оқушының таңдауы. Топтағы оқыту талаптарының жобасын талдауға қатысу.
4. Деңгейлеп оқыту жұмыс жүзеге асыру кезеңі	Оқушылардың топтарға жұмысын ұйымдастыру.	Топта оқу іс-әрекетіне қатысу.
5. Білімді меңгеру нәтижелерін бағалау кезеңі	Атқарылан жұмыстар нәтиесі бойынша оқушыларды бағалау.	Өзара бағалау, бірін-бірі бағалау.

Бұл жағдайда мұғалімнің алға қойған маңызды міндеттері орындалып, талабы таудай жеке тұлға қалыптасуы сөзсіз екендігі байқалып та жүр.

Әр оқушының қабілетін танып-біліп, дамытып, адам дәреесіне жеткізу үшін, жаңашыл жұмыс, жаңашыл ізденіс оң нәтиже береді. Қойылған педогогикалық мақсатты нәтижеге дейін жеткізуге арналған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының оң нәтиже беретін құрылымыдық ерекшелігін оқытушыларымыз жақсы түсінді, өз тәжірбиелеріне жан-жақты енгізіп те үлгерді.

Бұл бағдарлама бойынша:

Сабақ үш құрамдас бөліктен тұратыны белгілі.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі – дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин, В.В.Давидов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері, бұл жағдайда оқушыларға ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу, талқылау мен жинақтау арқылы жүзеге асады. Ал, мұғалім – ұйымдастырушы, бағыттаушы. Шешімі табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр

оқушыға өз ойынан хабар беруге, пікір айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптары тыңдалады. Әрине, жауап үнемі дұрыс бола беруіде мүмкін емес. Бұндай жағдайда мұғалім оқушыға қолдау көрсетіп, сенім артып, қайта ойлануына мүмкіндік беруі – оқушы үшін үлкен демеу [4].

Дамыта оқыту жүйесінің тағы бір ерекшелігі – сынып оқушыларын жақсы-жаман деп бөлмей, олардың тең тұлға болып, дамуы үшін қолайлы жағдай жасауы тиіс. Әр оқушының өз қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған. Сол арқылы ол өзін дамыта алады.

Мұғалім мен оқушының арасында жақсы қарым-қатынас туады. Ол үшін баланың жауабы мұқият тыңдалып, дұрыс мақталып, қатесін ептеп түзету керек. Сын тұрғысынан дамыта оқыту сынақ емес, ой өрісті шыңдау. Белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу. Ерекшелігін нақтылай түссек:

- Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту;
- Жаңа мағынаны тану;
- Ойтолғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Қызығушылықты ояту кезеңі – үйрету үрдісі – бұрынғы білетін мен жаңа үйретілетін білімді ұштастыру. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, бұрын өзі білетін білімін жаңа ақпаратпен толтырады, кеңейте түседі. Ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіргендіргіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңде: топтау, түртіп алу, ойлану, жұпқа талқылау, болжау, әлемдік шеберлер, т.б. әдістер жинақталған. Негізгі мақсат – үйренушінің белсенділігін арттыру.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бағдарламаның екінші кезеңі – **жаңа мағынаны тану**. Бұл кезеңге үйренуші жаңа ақпаратпен танысады. Тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Өз бетімен жұмыс жасап, белсенділігін көрсетеді. Тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқу стратегиялары бар.

Сабактың **ойтолғаныс кезеңінің** басты артықшылығы – баланың өзін-өзі бағалауға, салыстыруға, қорытынды жасауға, өзін-өзі дамытуына үлкен мүмкіндік беруі.

Педагогикалық технологиялық бұл түрінде сын тұрғысынан дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру алға қойылады. Ол

үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдары мен тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін түсінетіндей жағдайға ұйымдастырылуы керек. Содан барып, оның білім алуға ынта-ықыласы артып, әрекеттенеді.

Мұғалімнің жеке басының ерекшелігі, жан-жақтылығы, білімі сабағынан айқын көрініс табары анық. Мұны А.Сухомлинский: «Сабақ – мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің айнасы», - деп көрегендікпен тұжырымдаған.

Оқыту мен қатар жүретін, әрі тығыз байланыстағы маңызды процесс бар. Ол – білік, яғни оқушылардың білімді жеңіл меңгеруін, соынмен қоса ол өз бетінше ала білуін қамтамасыз ететін оқу еңбегінің тәсілдері.

Сондықтан бұл процестердің біреуін екіншісінен маңыздырақ деп бөліп қарастыруға болмайды. Оқушының алатын білім қорын оқу білігін қалыптастыратын материал есебінде қабылдасақ, онда оқу кезінде қалыптасқан білікті осы қорды жаңа біліммен толықтыруға мүмкіндік жасайды деп айтуға болады [5].

Оқытушының іздене жүріп үйретенінін, өзіндік ой түйетінін, білімі мен білігін шығармашылыққа ұштастыратын ескерсек, білім сапасын арттыру үшін оқытушы өз тәжірбиесінде сабақты жаңаша ұйымдастырып, жаңа педтехнологияларды кеңінен түрлендіріп пайдалана беретіні сөзсіз.

Заман талабына лайық қызмет ететін оқытушылар білім сапасын арттыра түсу үшін пән мұғалімінің біліктілігі, қабілеті, шеберлігі болуы қажет.

Мұғалім нені білуі керек?

1. жаңа технология көмегімен шешілетін мәселелерді;
2. жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді;
3. жаңа технологияда мұғалім қолданылатын әдіс-тәсілдерді;
4. оқушылардың жұмыс әдісін;

Мұғалім не істей алуы керек?

1. Оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру;
 - дамыта оқыту бағытында;
 - модульдік курс үшін;
 - әлеуметтендіру бағытында;

- ұжымдық жүйедегі оқыту;

Басқа да технологиялар үшін;

2. Күнтізбелік тақырыптық жоспарды сауатты құрастыру.

3. Әр сабақтың дидактикалық мақсатын нақты қойып, нәтижеге жету жолын жан-жақты жоспарлау.

4. Жаңа технология бойынша жүргізілетін әр түрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау;

5. Оқушылардың өзіндік жұмыстар үшін таратпалы материалдарды дайындау.

6. Оқушылардың топтық жұмысы үшін берілетін тапсырмаларды дайындау.

7. Оқу жобаларының мазмұнын анықтау.

8. Оқу жобалары бойынша оқушаларға арналаған тапсырмаларды құрастыру.

9. Оқушалардың жаңа материалды меңгеруі бойынша өз бетінше орындайтын деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау.

10. Тестілік бақылау тапсырмаларын дайындау.

Мұғалім қандай іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыруы қажет?

1. Жаңа технологияда пайдаланатын жекелеген әдістер мен тәсілдерді қолдану.

2. Әртүрлі типтегі сабақтар өткізу.
3. Өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктерін анықтау.
4. Жаңа технологияда қолданылатын оқу әдістерінің әдістерін оқушыларға үйрету.
5. Педагогикалық диагностикалық қарапайым әдістерін қолдана отырып, жаңа технологияны пайдалану тиімділігін бағалау.

Дидактикалық мақсаттың оң нәтижесін көру – бір күннің, бір мезеттің еншісінде емес. Талай айтылып жүргендей және айтыла беретіндей, ол – үздіксіз және тынымсыз еңбектің нәтижесі болмақ. Ол үшін, әрине, әр педагог өзінің кәсіби әрекетіне кәсіби сүйіспеншілікпен қарап, өз кәсібінің патриоты болуы керек.

Оқыту мен оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған жаңа тәсілдердің жоғары нәтижесін көру үшін дамып келе жатқан білім беру ұйымдарымен тәжірбие алмаса отырып оқушылардың мүддесі үшін «Білім беру желілерімен» байланыстар құруымыз керек. Педагогикалық іс-әрекетімізді жаңаша қарастыруда Ұлттық жоспарды жүйелі және одан әді іске асыру арқылы білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігіне әрбір педагог өз үлесін қоса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. М.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы, 2002 ж.
3. Ж.У.Кобдикова «Орта мектепте білім алуды технологиялардыру», Алматы, 2002 ж.
4. «Халық тәлімі» газеті, 2017 ж. №7
5. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев Педагогика. Алматы, 1993

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТРЕНДТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМДАҒЫ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Жұмахметова З.Ж.

Ералиева Т.Е.

Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңашылдық, педагогикалық технологиялар мен білім берудің жаңа трендтерін оқу процесіне ендірудің қажеттілігі мен маңыздылығы, оның ғылымдағы мәні кеңінен қарастырылған.

Зерттеушілердің еңбектерінде білім берудегі және педагогика ғылымындағы инновациялық процестер секілді мәселелерді қарастырады: іс жүзіндегі педагогикалық ойлар және инновациялар; педагогикалық инновацияларды жүзеге асыру мәселелері; білім беру ісіне енгізілген жаңалықтардың өміршеңдік мәселелері; дәстүрлер және жаңартулар. Кейде жаңалық өз уақытынан ерте туады да көпшілік тарапынан қолдау таппайды, ал кейін, жағдайға байланысты пісіп-жетіліп, қоғам сұранысын

қанағаттандырады. Жаңалық өте ерте кезде туып, күнделікті қажеттілікке айналып, өліп-өшіп қалмайды, керсінше одан әрі дамиды, жетіледі бірнеше рет түрленіп, жаңа қатынаста тағы да көрініс, қолданыс табады.

Білім берудегі трендтер – бұл білім берудің өзгеру процестері. Соңғы он жыл бойында білім беру жүйесінде педагогикалық инновацияларды және компьютерлік әдістемені оқыту оқудың нәтижелері мен оның сапасын жақсарту мақсатында белсенді түрде енгізіліп келеді.

Заманауи білім жүйесінің талабы қоғамды тек керекті біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдық құндылықтарды нығайту, ұлғайту, гуманизм мен азаматтықтың жағдайларын кеңейту өзекті мәселе етіп қойылуда. Бұл процесс үздіксіз жүреді, адамның әлеуметтену іске асырудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады.

Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген инновациялық технологияның негізіне жататындар: әрбір білім алушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру; білім алушылардың қабілеттері мен шығармашылығын арттыру; білім алушылардың өз

бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру. Инновациялық технология түрлеріне: ынтымақтық педагогикасы; білім беруді ізгілендіру технологиясы; проблемалы оқыту технологиясы; тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы; түсіндіру басқарып оза оқыту технологиясы; деңгейлік саралап оқыту технологиясы; міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; жобалап оқыту технологиясы.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес.

Қазіргі кезең – барлық саланың жаңару, жаңғыру кезеңі. Күнбе-күнгі жаңалықтар немесе маңызды енгізілімдер қоғам өмірінің құрамдас бөлігі болып отыр. Ашық ақпараттық кеңістік қоғам қажеттілігіне сай сұранысты өтеуге кең мүмкіндік береді. Осы ретте білім беру мен тәрбие саласында да маңызды өзгерістерін уақыт талабы алға тартты. Қоғамдық еңбектің басқа жаңалықтардың нәтижелі жүзеге асырылуы білім беру саласындағы өзгерістермен тікелей байланысты. Білім берудің қоғамдық қызмет ретінде қоғамдық өзгерістерден қалыс қалмауы және оның дамуы мен

өзгеруіне әсерін тигізуі – басы ашық мәселе.

Қоғам мүшелерінің білім деңгейін арттыру ісінің қоғамға жан-жақты әсерін тигізетіні белгілі. Тәрбие және білім беру саласындағы өзгерістер тұтас алғанда қоғамда қайта құрудың құралы болып отыр. Сондықтан да білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі жаңалықтар тек педагогикалық қана емес, сонымен қатар қоғамдық маңызға ие. Осы фактілерді зерттеу, оларды кешенді түрде талдау соңғы жылдарда «педагогикалық инновация» деп аталып жүрген жаңа ғылыми пәннің туындауына алып келді. Бірақ қазіргі заманғы бастапқы білім беретін білім ордаларында инновациялық процестердің мазмұндық құрлымын сөз етпестен бұрын, бұл процестерді талдаудағы ғалымдар мен педагогтардың көзқарастарына тоқтала кеткен дұрыс болар еді.

Зерттеушілердің басым көпшілігі жаңаның басты белгісі прогрессивтілік, яғни алға басушылық деп аталады. Осы ретте В.И. Загвязинский «педагогикадағы жаңалық бұрын ұсынылмаған немесе қолданылмаған идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, сонымен бірге өзгермелі өмір жағдайында тәрбие және білім беру ісінің міндеттерін барынша тиімді шешуге мүмкіндік

беретін прогрессивті бастамаға негізделген педагогикалық процесс элементтерінің кешені немесе жеке элементтері» деп болжайды [1].

Педагогика ғылымы үшін білім берудегі жаңалық мәселесі белгілі бір қызығушылық туғызады. Әдебиеттерде жаңалықтың сапалы және қатысымдық сипаттары аталады. Сапалық сипат ең үздік өндірістік және тұтынушылық қасиеттерді білдіретін, осы сипаттағы жаңалықтарды әрі қарай дамытатын, сонымен қатар одан басқа жаңаларын ұсынатын белгі ретінде анықталады. Қазіргі педагогика үшін жаңалықтың сапалы сипаттары ерекше маңызды, сондықтан аталған саладағы жаңалықтардың мәні мен табиғатын тереңірек түсіну үшін бізге инновация классификациясына мән беру қажет.

Инновациялық процестерге қатысты саласындағы зерттеулер көрсеткендей, енгізілетін жаңалықтардың классификациясы түрлі негіздерге сүйене ұсынылып жүр.

Педагогикалық жаңалықтар мен жаңадан енгізулердің жан-жақты толық классификациясы Н.Р.Юсуфбекованың еңбектерінен табуға болады. Ғалым педагогика ғылымына өзара синоним болатын

«білім берудің инновациялар» мен «педагогикалық инновация» терминдерін негіздеп енгізіп, ғылыми негіздемесін жасаған. Н.Р. Юсуфбекова педагогикалық инноватиканы өзінің жеке объектісі, пәні және әдістері бар педагогика ғылымының жеке саласы ретінде құрастырды. Автор «педагогикалық инновация» қиын және көпсалалы ұғым дейді [2, 21].

Жаңашылдық – ғылыми идеялардың тууынан оның практикалық қолданысқа енуіне дейінгі барлық кезендерді қамтитын және әлеуметтік – педагогикалық ортадағы осыған сәйкес өзгерістерді жүзеге асыратын процесі.

Педагогикалық жаңалықтардың мазмұны педагогикалық қызметті толығымен немесе оның жеке құрамдас бөліктерін (білім берудің, тәрбиелеудің, басқарудың және ұйымдастырудың мазмұны мен барысын) қамтуы мүмкін деген ойды дамытады. Енгізілген өзгерістердің сипаттары бойынша педагогикалық жаңалықтарды төмендегідей топтарға бөлінеді:

1.оқу-тәрбие процесіне түбегелі өзгерістер әкелетін жаңалықтар;

2.оқу- тәрбие процесінің бір бөлігін ғана өзгеріс

әкелетін жаңалықтар;

3. педагогикалық жаңалықтарды, жалпы алғанда олардың бірегейлігі және күтпеген жерден пайда болуы тұрғысынан сипаттауға болады [3].

Білім беретін мекемелердегі инновациялық процестердің теориялық базасына және жалпы білім берудегі бастауыш инновациялық процестерді жүйелеп талдау тәжірибесі, көрсетілгендей, сондай-ақ барлық іргелі еңбектердің авторлары көрсеткен генезистік даму жолы мен ғалымдары В.Зомбарт, В.Метчерлих және австрия экономисі И.Шумпетер болып саналады. Олар бұл ұғымдарды қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және техникалық процестермен байланыстыра қарастырған. Кейінірек бұл ұғымдар педагогикалық еңбектерде қолданыла бастады [4].

Педагогикалық әдебиеттерде әлі күнге дейін инновациялық процестерді ұғынудың тек жекелеген талпыныстары кездеседі. Ғалым-педагогтар өз еңбектерінде білім берудегі және педагогика ғылымындағы инновациялық процестер секілді мәселелерді қарастырады: іс жүзіндегі педагогикалық ойлар және инновациялар; педагогикалық инновацияларды жүзеге асыру мәселелері; білім беру

ісіне енгізілген жаңалықтардың өміршеңдік мәселелері; дәстүрлер және жаңартулар. Кейде жаңалық өз уақытынан ерте туады да көпшілік тарапынан қолдау таппайды, ал кейін, жағдайға байланысты пісіп-жетіліп, қоғам сұранысын қанағаттандырады. Жаңалық өте ерте кезде туып, күнделікті қажеттілікке айналып, өліп-өшіп қалмайды, керсінше одан әрі дамиды, жетіледі бірнеше рет түрленіп, жаңа қатынаста тағы да көрініс, қолданыс табады.

Тренд дегеніміз не? Тренд ("трэнд"деп оқылады, ағылш. trend - тренд) - негізгі бірқатар тенденциялардың уақыт бойынша өзгеру процесі (Ақпарат көзі: Еркін энциклопедиясы). Білім беру жүйесіндегі трендтер – оның өзгерісіндегі тенденциялар. Заманауи трендтер туралы айтқанда өзгеріске себеп болған сәттер, фактілерге баса мән берген жөн, сонымен қатар өзгеріс бағытын зерттеп зерделеген дұрыс.

Сән немесе экономикадағы трендтер бар екені бізге аян.

Трендсіз өмір сүруге бола ма? Трендті сән бе, білім беруде, экономикада пайдалануды оқып үйренбей-ақ өмір сүруге бола ма? Бір қарағанда болатын сияқты көрінеді. Бәлкім, көпшілігі солай жасайтын да шығар.

Бірақ:

- сәндегі трендтерге мән бермей, біз сәннен қана қалып қоймаймыз, ескі тұрғыдан ойлайтын адамға айналамыз; бұл біздің еңсемізді түсіріп, көңілсіз еткенімен қоймай, өзімізге деген бағалауды түсіреді.

- экономикадағы трендтерге назар аудармай, біз өз қаржымызды ақылмен жұмсап, түрлі тәуекелдерге барып, үлкен шығынға ұшырап, «кедей» және «ауру» атанамыз.

- білім және ғылым саласындағы трендтерге мән бермей, жан-жақты қалыс қаламыз. Бұл тұрғыда пікірталас тоқтамайды.

Трендтер спортта, сәнде, экономикада және білім беруде қолданыста бар. Білім берудегі трендтер – бұл білім берудің өзгеру процестері. Соңғы он жыл бойында білім беру жүйесінде педагогикалық инновацияларды және компьютерлік әдістемені оқыту оқудың нәтижелері мен оның сапасын жақсарту мақсатында белсенді түрде енгізіліп келеді. Оқу сапасы оқу процесінің тиімділігі критерийін және дәстүрлі және кез келген инновациялық технологияны оқытуды анықтау [5].

Заманауи білім жүйесінің талабы қоғамды тек керекті біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдық құндылықтарды нығайту, ұлғайту, гуманизм мен азаматтықтың жағдайларын кеңейту өзекті мәселе етіп қойылуда. Бұл процесс үздіксіз жүреді, адамның әлеуметтену іске асырудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады.

Білімнің жаңа философиялық-әлеуметтанулық парадигмасы бірнеше шарттарға жауап беруі керек:

1) Біздің қоғамның полимәдениеттілік тәжірибесін ескеру.

2) Білім беру жүйесінің замана тенденцияларға сай келуі.

3) Әлемнің дәстүрлі тәжірибесімен шамалас болу.

Көпмәдени қоғам жағдайында Қазақстанның ғылыми және педагогикалық зиялылары тәрбиелеуші оқыту моделінің таңдауында тұрып қалды. Тәрбиелеу мен оқытудың теориясын іздеу тек педагогика мамандары үшін ғана емес – бұл жалпы ортақ әлеуметтік мәселе. Қазақстанның тұрақты дамуына әлеуметтену үшін қандай жағдайлар жасалатынына

байланысты балалар мен жасөспірімдердің жеке бағының неге бағытталатынына байланысты.

Білім берудегі жаңалықтарды жіктеу барысында инновацияның адам қызметінің ең маңызды түрлерінің бірі екендігін ескерген жөн. Бұл қызметті қатаң шектеуге және бөлшектеуге болмайды. Білім берудің барлық құрамдас бөліктері мен аспектілеріне жаңалық енгізу қиын, тіпті мүмкін емес болғанымен, оларды бір құрамдас бөлікке біріктіру одан сайын қиынға соғады. Сондықтан, білім беру мазмұнындағы жаңалықтар міндетті түрде ұйыммен және тиісінше, жұмыс істеу әдістемесімен өзара ықпалдасып отырады.

Қазіргі уақытқа дейін ғылыми әдебиеттерде инновациялық процесті мынадай кезеңдерге бөледі. Идеяның немесе инновация тұжырымдамасының пайда болу кезеңі, мұны шартты түрде, іргелі де қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып табылатын жаңалықтың ашылу кезеңі деп те атайды. Ойлап табу кезеңі, яғни қандай да бір нысанға, материалдық немесе рухани өнім-үлгіге айналған жаңалықты құру немесе ашу кезеңі. Жаңалықты енгізу кезеңі, мұнда ойлап табылған жаңалық іс-жүзінде қолданысқа еніп, қайта өңделеді және жаңалықтан тұрақты нәтиже алынады.

Бұдан кейін жаңалық өз бетінше өмір сүре бастайды да, инновациялық процесс жаңалыққа деген алғырлық қалыптасқан жағдайда келесі кезеңге аяқ басады. Жаңалықты пайдалану кезінде мынадай кезеңдер орын алады: Жаңалықты тарату кезеңі, мұнда жаңалық кеңінен қолданысқа енгізіліп, жаңа салаларға кіреді. Нақты бір салада жаңалықтың үстемдік ету кезеңі, мұнда жаңалық бұрынғы жаңашылдық қасиеттерін жоғалта бастайды да оны едәуір тиімді жаңалықпен ұтымды алмастыру процесі қарастырылады. Жаңалықтың қолданылу аясын қысқарту кезеңі, мұнда жаңалық жаңа өніммен алмастырылады.

Инновациялық білім беру процесінің мән-маңызы, біздің пікірімізше, оның инновацияны бастау, жаңа өнімдер мен мәмілелерді дайындау, оларды нарықта сату және одан әрі қолданысқа енгізу жөніндегі мақсатты іс-әрекеттер тізбегін қамтитындығынан көрінеді. Инновациялық білім беру процестерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың тиімділігін бағалау критерийлеріне инновациялық білім беру процесінің шынайылығы, жүзеге асырылғыштығы (ресурстық қамтамасыз етілу деңгейі), басқарылғыштығы,

инновациялық деңгейі, гуманитарлығы, өңделгендігі және таралу мүмкіндігі жатады.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында білім мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Оқытудың кредиттік жүйесін, қашықтан оқыту формасын енгізуді, маман даярлаудың көпсатылы құрылымына көшуді, оқу процесінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен сабақ берудің озық әдістерін қолдануды атап айтуға болады.

Философиялық және педагогикалық әдебиеттерде инновациялық процестерді зерттеу барысында кейбір ғалымдар жаңалықтың жүйелілік, әрекеттік тұжырымдамасын ұсына отырып, жаңалықты енгізуді әртүрлі деңгейде (жалпы ғылымилық, жалпы әдіснамалық) талдаудың қажеттілігіне ерекше көңіл аударады.

Инновациялық процесс осы жаңалықтардың ашылу жолдарын қарастырып қана қоймайды, сонымен бірге паудалануын, оның практика жүзінде таралуын қамтамасыз етеді. Педагогика үшін жаңалықтың сапалық, сипаттамаларының маңызы зор. Бұл жаңалықты енгізу мәселелерімен тығыз байланысты.

Кейде жаңалықты енгізу барысында оқытушының шығармашылық қабілетіне сәйкес жаңалықтар көпнұсқалығымен, кенеттен пайда болуымен сипатталады.

Инновация сөзін қазақша тәржімаласақ, жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс дегенді білдіреді. Педагогикалық процесте инновация: оқыту мен тәрбиенің әдіс-тәсілдері, түрлері, мақсаты, мазмұны, сондай-ақ, оқытушы мен білім алушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу.

Қазіргі кезде педагогикалық инновацияның білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі – жаңалықтарды топтастыру. оқытушы үшін ашылған жаңа әдісті жан-жақты түсіне білу үшін, бұл жаңалықтың басқа жаңалықтардан ерекшелігін, айырмашылығын, артықшылығын көре білу қажет.

Педагогикалық технология – оқытушының кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты мақсат – білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай

жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады [6].

«Технология» термині алғаш рет 1904-1950 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Технология – өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай шикі заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы [7].

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Ал бұның өзі педагогтар қауымына зор жауапкершілік, үлкен міндет жүктейді. Мұндай міндеттерді шешу оқытушыларданоқу орындарында білім алушыларға берілетін ғылым негіздерін олардың болашақ іс-әрекетінің берік негізі әрі тірегі болатындай етіп оқытуды, оқу-тәрбие процесін, білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолданудың тиімділігін арттырудың, оқытудың инновациялық технологиясын меңгеруді,

педагогикалық жаңалықтарды тәжірибеге батыл енгізуді талап етеді.

Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу оқытушының педагогикалық шеберлігіне байланысты. Берілген анықтамалардан «технология» techne - өнер, шеберлік және logos - ғылым, заң, яғни технология дегеніміз шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін білуге болады.

40

Педагогикалық технологиялар тарихын, оның пайда болуын және маңызды құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру педагогикалық құрылымды түсінуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың тарихи-педагогикалық зерттеулерін талдау педагогикалық технологияның бірнеше ғасырлар бойында ғылыми пікірталастың басты нысаны болғанын айқындайды.

Сонымен, педагогикалық технологиясы оқыту әдістемесімен салыстырғанда, білім алушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және

мазмұнын өндіруді көрсетеді. Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы білім алушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді. Ал инновациялық технология жаңа ғылыми немесе практикалық шығармашылықтың қорытындысы деуге болады.

«Педагогикалық технология» термині тек қана оқытуға байланысты қолданылады, ал технологияның өзі техникалық құралмен оқытуды түсіндіреді. Бүгін педагогикалық технологияны, педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты, педагогтің жалғастырмалы жүйедегі іс-әрекеті ретінде немесе алдын-ала жобаланған педагогикалық процестің тәжірибе де тұрақты және жалғастырмалы шығаруы ретінде түсіндіріледі [8,132].

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім орындарының басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығымен келеді. Сондықтан да, әрбір

білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу процесін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын оқытушы қалыптастыруға бағытталады [9].

42

Педагогикалық жаңалықтарды жасау, игеру қолдауды біріктіретін инновациялық процестер білім беруді жаңарта алатыны сөзсіз. Сондықтан да, инновациялық процестерді игеру, жасау, қолдану мәселелерін талдау және жүзеге асыру білім беру жүйесінің әртүрлі баспалдақтарында кеңінен қолдануда.

Оқытушылар мен практикалық қызметкерлердің педагогикалық жаңа білімге деген қажеттіліктің күшеюінен келесі үрдістер туындайды. Педагогикалық жаңалықтарға объективті баға бере алатындай, инновацияларды игере алатындай педагогикалық

қауымның құрамын және құрылысын жаңарту жүзеге асып жатыр. Келесі процесс жаңалықтарды практикаға енгізу кезеңімен байланысты. Жаңаны қолданудың жалпылама сипаты өседі. Мұны педагог-новаторлардың іс-тәжірибелерін таратудан көруге болады. Сонымен, инновация мәселесі педагогикада педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру процесіне ықпал жасайды. Көпшілік ғалымдардың айтуы бойынша мұндай нәтижеге жетуі үшін педагогтің инновациялық іс-әрекеті келесі талаптарға сай болуға тиісті:

- өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетіне;
- жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесінен хабардар бола отырып, өз жұмысын ұғыну қажеттілігіне;
- жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізуі;
- педагогикалық инновацияның жаңа әдіс-тәсілдерін өз бетінше жасау;

- педагогикалық кертартпалықпен, артта қалушылықты болдырмау [10].

Инновациялық технологияны пайдалану педагогикалық іс-әрекетте әлеуметтік-экономикалық жағдай тудырған басқа білім беру салаларынан белгілі бір стандарттың межесінен ауытқу мен балама жүйе енгізу шараларын атқарады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, тәжірибеде пайдалану сияқты процестермен сипатталады.

Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты қазіргі уақыттағы оқыту процесін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, енгізіліп жатыр. Олар: Лысенкованың алдына ала оқыту, Шаталовтың интенсивті оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрдниевтің ірі блоктан оқыту, мәселелік оқытудың белсенді әдісі, т.б., В.М. Монаховтың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Ж.Қараевтың деңгейлік оқыту технологиясын елімізде қолданып жүр. Білім орындарында жүргізіліп жатқан қазіргі тәжірибелік-

сынақ жұмыстардың басты міндеті – жаңаша оқытудың педагогикалық технологиясын оқу процесіне енгізу. Мәселен, Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың бірлесе жасаған «Дамыта оқыту жүйесі» бір-бірімен тығыз байланысты әрі мынадай ұстанымдардан құралады: жоғары деңгейдегі қиындықта оқыту; теориялық білімнің жетекші ролі; оқу материалын жеделдете оқыту; оқу процесін білім алушының сезінуі; барлық білім алушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген инновациялық технологияның негізіне жататындар: әрбір білім алушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру; білім алушылардың қабілеттері мен шығармашылығын арттыру; білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру. Инновациялық технология түрлеріне: ынтымақтық педагогикасы; білім беруді ізгілендіру технологиясы; проблемалы оқыту технологиясы; тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы; түсіндіру басқарып оза оқыту технологиясы; деңгейлік саралап оқыту технологиясы; міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп

саралап оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; жобалап оқыту технологиясы.

Оқытудың технологиясын жетілдірудің педагогикалық бағыты негізгі ой-тұжырымдары бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу, білім алушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамытын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследований. М.: Педагогика, 1982.
2. Юсуфбекова Н.Р. Педагогическая инноватика как направления методологических исследований.// Педагогическая теория идеи и проблемы: сб. науч. тр.(Отв. ред. В.С. Шубинский. –М.:ИТПИМНО),1992.- С.20-26.
3. Рысбаева А.Қ. Педагогикалық процесс субъектілерінің табысты іс-әрекетіне интерактивті оқытудың ықпалы. - Алматы, 2008, 80б.
4. Абуов А.Е. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде білім беруді, инновациялық технологиясын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед.ғ.к. дисс ... - Шымкент. 2005. - 151 б.
5. Красильникова В.А. Компьютерлік технологияны оқыту концепциясы. – Орынбор: ОГУ, 2008. – 42с.
6. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследование, игр, дискуссий. Рига: НПЦ “Эксперимент”, 1995. 175с.

7. Санай Г.Е. Педагогические условия формирования готовности учителя к реализации инновационных технологий обучения. Дисс.к.п.н. Тараз, 2005. - 48 с.

8. Өстеміров К., Исаева Г.Б. Методика использования технических средств обучения на базе новых информационных технологий: оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2009. -С130-160 .

9. Хомерики О.Г. Инновации в практике обучения //Педагогика. 1993.№2

10. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед.ғ.к., дисс ... Алматы, 2004.-132 б.

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІ

Мұратбаева Г.Ә.

Қоңырбаева С.С.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында бүгінгі қоғамның ұрпақ тәрбилеудегі идеологиясына жаңаша көзқарастарды таныту қажеттілігі айтылған. Аталған еңбегінде Елбасы бізге жат идеологияларға ермей, заманға сай қоғамның болашақ азаматтарының бойына ізгілікті ұлттық сананы дұрыс ұғындыра білу туралы сөз болды. «Білім – бүгінгінің басты қажеттілігі. Дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген сөз. Өскелең ұрпақты әуелі білімге құштар болуға үндеудің сыры осында» - делінген [1]. Сондықтан да, білім беру саласында да көптеген мәселелердің шешімдерін іздестіру қажеттігі туындап отыр.

Еліміздің дамыған елдер қатарында болуы тек экономикалық немесе әлеуметтік мәселелермен ғана өлшенбейді. Білім беру саласындағы жаңалықтар мен жасалынып жатқан реформалар білім берудің сапасын

арттыру мен нәтижелі білімнің сапасын бақылау және бағалау қызметі жөнінде жаңаша көзқарастар мен ұсыныстар жасауға мол мүмкіндік беруде. Осыған орай, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде 6М012400 – Педагогикалық өлшемдер мамандығы ашылып, оған қатысты ғылыми-әдіснамалық, теориялық және практикалық материалдар жинақталып, оқу-әдістемелік база жасақталу жыл сайын толықтырылуда.

Бұл мәселе жөнінде ғылыми тұжырым жасалған шетелдік ғалымдар Б.Блум, А.Анастази, Ф.В. Бакер, К.Берк, т.б. еңбектері, В.И. Михеев, В.С. Аванесов, В.И. Звонников, М.Б. Челышкова, Н.Н. Найденова сынды ресейлік ғалымдардың ғылыми диссертациялары мен бастамашыл идеялары, сондай-ақ, отандық ғалымдар: А.Қ. Құсайынов, Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Қожахметова, М.Ж. Жадрин, Т.М. Баймолдаевтардың еліміздегі білім сапасының жай-күйі, білімділік пен тәрбиелілік өлшемдері, білім сапасын басқару, бақылау мен бағалау, білім беру саласындағы менеджмент мәселелері жөнінде педагогикалық өлшемдер мәселесіне жақын еңбектерді басшылыққа алып келеміз.

Педагогикалық өлшемдер әдістерін практикалық түрде құрастыру үшін бір ғана теорияны білу жеткіліксіз. Өнеркәсіптік өнімді шығару сияқты, теориядан басқа, онда материалдар, жабдықтар, кадрлар мен технологиялар қажет болады, сол сияқты компоненттер тестіні шығаруда да қажет. Бірақ бұл теорияға енбейді. Тестілерді құрастыруда оқу мәтіндері мен оқулықтарының мазмұнын, тапсырмалардың мазмұны мен формаларын талдау әдістерінің жиынтығын қамтитын әдістеме қажет. Сонымен бірге, ақпаратты жинау және өңдеу процесі, тест пен тест тапсырмаларының параметрін есептеу әдістері, статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдістері және т.б. қажет болады. Жалпы алғанда, білімді тексерудің тест әдісі туралы теория қажет. Ал теориядан тәжірибеге көшу арқылы білім алушылардың белгілі бағдарламаға сәйкес әр сатыда ұсынылған оқу материалын меңгергенін, оны түсініп қабылдағанын анықтауда педагогикалық өлшем құралдары қолданылады. Ең алдымен білім сапасын арттыруда білім алушының материалды меңгергені туралы мәлімет жинақтау қажет. Бұл орайда білім алушының білімін тексеру және бағалау негізінде оқыту нәтижелерін бақылау. Осы

жағдайда оқу үдерісінің әр түрлі кезеңіндегі білім алушылардың оқу ақпаратын қабылдау, талдау, оған тиісті баға берумен қорытынды жасалады. Яғни, білім алушының оқу іс-әрекетінде тиімді қолданылған білімді тексеру және бағалау әдістері білім сапасы жөнінде сандық мәлімет жинақтауға септігін тигізеді.

Білім алушылардың табысты нәтижеге қол жеткізуге, ой-пікірлері мен сыни ойлау қабілеттері қалыптасып, кездескен қиындықты жеңуге ұмтылады. Білім алушының өзінің алған ілімі туралы ойына қозғау салады.

Білімді тексеру үшін меңгерген тақырыптары аясында тест тапсырмаларын сараптамадан өткізу қажет. Әрине тест мазмұнын сауатты құрастыру және олардың сапасын бағалаудан басқа, педагогикалық өлшемдер процесі тестілерді белсенді қолдануды қамтиды.

Сондықтан да, алдымен тест тапсырмаларының талаптарын ескерген жөн. Көптеген әдебиеттерде бұл мәселе кеңінен қарастырылады. Айталық, шет ел ғалымдарының пайымдаулары бойынша, тест тапсырмаларын тексерудің бұл бөлігі Test Administration деп аталады. Бұл іс-әрекеттің міндетінің тест теориясының мазмұнымен біршама ғана сәйкестігі

бар. Мұнда тестілерді қолданумен айналысатын процесті ұйымдастырудың қажеттілігі аталады. Ал, батыс әдебиеттерінде Test Administration [2] шешетін міндеттер нақтылап көрсетіледі. Атап өтетін болсақ, олар:

- тест бақылауын тестіні құрастырушының нұсқауларына сәйкес ұйымдастыру;

- сыналушылардың тестілеуге даярлау, олармен бақылау кезінде және одан кейін жұмыс жүргізу;

- тест бақылауын сапалы ұйымдастыру үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасау: орынды, техниканы, приборларды, бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыздандыруды дайындау;

- тестілеуге деген жағымды қатынас үшін жағымды психологиялық жағдайларды жасау;

- жеке және топтық бақылау үшін, мәліметтерді тиімді және сапалы жинауды қамтамасыз ететін сыналушыларға тестінің қолайлы формаларын ұсынуды жүзеге асыру;

- баллдарды есептеу, мәліметтерді көрсету мен интерпретация әдістерінің оңтайлы жүйесін құру.

Бұл ұсынылған міндеттер теория мен тәжірибе арақатынасы арқылы түсіндіріледі. Осылайша,

тестілерді құрастыру үшін тест теориясындағы білім қажет болса, ал педагогикалық өлшемдер процесін ғылыми ұйымдастыру үшін тест әдісін құрастыруды, әртүрлі мақсаттар үшін тестілерді қолдануды, тест нәтижелерін интерпретациялауды, тест процесін ғылыми ұйымдастырудың принциптерін құруды қамтитын әдіснаманың қажеттілігі туындайды.

Педагогикалық бақылау педагогтардың басқару және ұйымдастырушылық рөл атқаруында жүзеге асатын тексеру іс-әрекетінің біртұтас дидактикалық және әдістемелік жүйесін білдіреді, оқытушылар мен оқушылардың бірлесе әрекет ету сипатын танытып, оқу процесі нәтижелерін бағалауға бағытталады. Бақылау жүргізу көмегімен оқушы жетістігін бағалап, біліміндегі кемшін тұстарды анықтауға, жоспарланып отырған, жүзеге асып жатқан және қол жеткен білім деңгейі арасында өзара байланыс орнатуға, жаңа оқыту әдістерінің жетістігі мен кемшілігін зерделеуге, оқытушылар жұмысын салыстыруға, басқару шешімдерін қабылдау үшін оқу орны басшысына бұрмаланбаған ақпарат беруге, басқа да маңызды міндеттерді орындауға болады.

Сондықтан да, білім сапасын арттыруда бақылау-бағалау қызметінің негізгі құрамдас бөліктерін белгілеу қажет. Еуропалық және ресейлік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, бақылау-бағалау қызметінің негізгі құрамдас бөліктерін атап өтуге мүмкіндік бар. Олар:

- түсінік индикаторы ретіндегі тақырыптарды, бөлімдерді т.б. айқындау;

- эмпирикалық индикатор (сұрақ, тапсырма, т.б.) қалыптастыру жолымен түсініктерді операцияландыру;

- қажетті бақылау нәтижелерінің үлгісін жасау;

- бақылау жұмыстарын жүргізу;

- үлгі мен оқушылар жауабын салыстыру;

- бағалау бойынша пайымдау қалыптастыру және оның негізінде бақылауды жалғастыру не баға қою туралы шешім қабылдау.

Аталған құрамдас бөліктер педагогтің бақылау-бағалау қызметі құрылымында болуы тиіс. Олар дәстүрлі тәсілдермен бақылауға не тест қолданылуына байланысты әртүрлі түсіндіріліп, айқындалады. Тестпен бақылауда операцияландыру түсінік индикаторынан эмпирикалық референтке өтетін тест

тапсырмалары түріндегі шара ретінде ұғынылады. Нәтижелер үлгісі бағалау ережесі мен жауап кілті түрінде стандартталып, беріледі, тест нәтижелерін жауап кілттерімен салыстыру субъективті факторларды төмендете отырып, автоматтандырылған түрде не сарапшылар көмегімен жүргізіледі [3].

Бақылау мазмұнында педагогтің бақылау-бағалау әрекеті құрылымының құрамдас бөліктері арасында бақылау және бағалау мәнін білдіретін түсінік индикаторын анықтаудың маңызы бар.

Білім сапасын арттыруда оқу үдерісіндегі бақылау және бағалау әрекетін талдау, оған салыстырмалы сипаттама беру, білім алушының меңгерген жаңа білім нәтижелерін анықтауда бағыт-бағдар ұсынылу қажеттігі туындайды. Оған, әдеттегідей, операциялық сипат тән (Н.Ф. Талызина). Оқу үдерісі нәтижелерін бағалауға арналған бақылау мазмұны психологтер білім алушының білімді меңгеруі мен ақыл-ой қасиеттері жиынтығына байланыстылық тұрғысынан қарайтын білім алушының оқығандығы түсінігімен байланысты (И.А. Зимняя). Педагогтар білім алушының оқығандығын бағалау кезінде оқу мазмұнын

игеру деңгейіне, оқу әрекетінің тәсіліне баса назар аударады (В. М. Блинов т.б.).

Бақылау мазмұны нені үйрету мен қандай нәтиже болу керектігін көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге оқыту кезіндегі белгілі бір басымдықтарды да танытады. Бақылау барысында оқу жетістігіне қойылатын талаптар, әсіресе, бақылаудың сыртқы сипаты жағдайында мұғалімнің күнделікті жұмысының басты бағдарына айналады, ал бағалау білім беруде әкімшілік-басқару шешімдерін қабылдау үшін қолданылады. Бүгінде мұндай ықпал ҰБТ-ны енгізу арқылы сынап көруге байланысты жұмыстарда байқалуда. Ол білім берудегі қалыпты құрылымды бұзып, оқыту кезіндегі басты назар аударылатын мәселелердің шешімін іздестіруге бағыттайды [4].

Мәселен, көбінесе фактілер мен түсініктерді бағалауға арналған тапсырмалары бар сапасыз тестілерді үнемі қолдануда, мұғалім назары фактілер мен заңдар мәнін анықтау, оқушының шығармашылық әрекетін дамыту, теориялық білімін практикада қолдануға үйрету орнына фактологиялық мазмұндауға көбірек басымдылық берілуі мүмкін. Соңғы жылдары енгізілген біршама талаптар, білім алушының

функционалдық, математикалық және тарихи сауаттылығын жоғарылатуға бағытталған жағдайды ескеру қажет. Олай болса, бақылау кезінде пән мазмұнын игеруге қойылатын талаптарды жекелеген пәндер бойынша оқу үдерісінің нәтижелеріне бағытталған бақылау мазмұны мемлекеттік білім беру стандарттарында (МБС) жалпы білім мазмұнының міндетті минимумы және жалпы білім беретін жүйе түлектерінің меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар сақталу керек. Қазіргі таңда МБС құрылымын жетілдіру үдерісі жалғасуда. Талаптарды операциялизациялауда, талаптарды ұсыну түрлері өлшем міндеттеріне ыңғайландырылып берілуде. Сонымен қатар, оқу әрекеті өнімділігін арттыру үшін қосымша ынталандыруды қамтамасыз ететін МБС талаптарын деңгейлік дифференциациялау енгізілуде [5].

Өзге елдердегі МБС жасау мен қолдану тәжірибесі оқытуда оқушы жетістігі мен оны дамытуды растау көрсеткіші нақты айқындалса, жетістік деңгейінің бірізділігі белгіленіп, толық сипатталса, оқушы жоғары бағаға қол жеткізу үшін не істеу керектігінен хабардар болса, оқушыларды қойылған

мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру деңгейінің артатынын көрсетті.

Демек, білім сапасын арттыруда оқу үдерісіндегі бақылау түрлерін тиімді қолдану реттілігін сақтап, оның жіктелу жолдарына баса назар аудару қажеттілігі бар деуге болады. Жіктеудің жалпы жолдарына келетін болсақ, оқытудағы педагогикалық бақылау түрлері дәстүрлі жіктелуі бойынша үшке бөлінеді. Олар:

- кіріспе бақылау;
- ағымдағы бақылау;
- қорытынды бақылау.

Кіріспе бақылау. Кіріспе бақылау мектеп тәжірибесінде жүйелі түрде өткізілмейді. Ол оқушыларды белгілі бір бағыттағы сыныптарға конкурспен аларда ғана қолданылады немесе оқу процесінде оқушының жеке ерекшеліктеріне ерекше назар аударатын педагогтардың бастамасы болып табылады. Оқушыны жеке ерекшелігіне қарай бейімдеу, дамыта оқыту жағдайында болжалды түрде үлгерімі орташа оқушыға жасалатын дәстүрлі бейімдеуден бас тарту кезінде кіріспе бақылау үлгерімі ең нашар не ең жоғары оқушылар үшін жаңа материалды игерудің жеке траекториясын жасауға көмектеседі. Көбінесе, экспресс-

диагностика сипатында болатын кіріспе бақылаудың ең тиімді тәсілі – педагогикалық тест.

Ағымдағы бақылау. Ағымдағы бақылаудың мақсаты – оқыту барысын қадағалау. Оны жүзеге асыру мұғалімге кемшілікті уақытында түзеп, қажетті бағытта қайта құруы үшін оқу процесінің барысы туралы жедел ақпарат алуға мүмкіндік береді. Әсіресе, әр оқушының жаңа материалды игеру динамикасы, тапсырманы орындау кезіндегі ойлау процесінің не алгоритмінің тиімділік дәрежесі туралы мәлімет қызықтырады, себебі дұрыс ұйымдастырылған оқу процесінде мұғалім оқушы орындап жатқан әрекеттің мазмұнын ғана емес, оның сипаттарын да бақылауы тиіс. Мұндай ақпаратты алу оқушының жауап беруге қиналған себептері мен қателерін анықтау кезінде ғана мүмкін болады, олар ағымдағы бақылаудың диагностикалық сипаты бар болған жағдайларда талданады. Ағымдағы бақылау кезінде кері байланыстың диагностикалық сипатының тиімділігін арттырып, күшейту мұғалімге компьютер мен диагностикалық тестілер көмекке келгенде ғана мүмкін болады.

Қорытынды бақылау. Қорытынды бақылау (кезеңдік, аралық, қорытынды бақылау) оқытудың

белгілі бір кезеңі біткен соң, бөлімді өткен соң не түгел оқу курсынан соң, оқу жетістіктерін бағалауға арналған. Әдетте, қорытынды баға формасы емтихан (ауызша не жазбаша) бағасы нетест нәтижесі болып табылады. Қорытынды бақылау нәтижелерін салыстырмалы және болжалды талдау мұғалімге алдағы уақытта жұмысын жақсартуға қажетті маңызды ақпарат береді. Нәтижелері қойылған мақсатқа сәйкес келмесе, талдау мәліметтері оқушыны дайындаудағы негізгі мәселелерді анықтап, оқыту процесін түзеу бойынша басқару әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды бақылау сыртқы не ішкі бақылау болып бөлінуі мүмкін. Сыртқы қорытынды бақылауды мектепке тәуелсіз құрылымдар, мысалы, мемлекеттік аттестациялау немесе ҰБТ кезінде өткізеді. Білім беру саласындағы аттестация деп түлектер дайындығының деңгейі мен сапасының құжатпен бекітілетін білім деңгейі мен сапасына қойылатын талаптар жүйесіне сәйкестігін белгілеу тәртібі ұғынылады [6].

Қорыта келе, білім сапасын арттыруда бақылау және бағалау қызметінің ықпалы білім алушының жеке ерекшелігіне қарай оқу материалын қабылдауына, жаңа материалды игерудің жеке траекториясын жасауға

әсерін тигізеді. Сонымен қатар, білім алушылардың жаңа материалды игеру динамикасы мен тапсырманы орындау кезіндегі сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға, кері байланыс орнатуға, бақылау және бағалау нәтижелерін салыстырмалы және болжалды талдау жасауға мүмкіндіктер беріп, қойылған мақсатқа сәйкес талдау мәліметтерін анықтауға, оқыту үдерісін түзеу бойынша басқару әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. [https://egemen.kz/ article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru](https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru) 26.04.2017.
2. Test Assessment / W. Bruce Walsh, Nancy E. Betz. Prentice Hall, Inc, 2001.
3. Құсайынов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. - 196 б.
4. Переверзев В.Ю. Критериально-ориентированное педагогическое тестирование: учебное пособие. – М.: Логос, 2003.– 120 с.
5. Михеев В.И. Методы теории измерения в педагогике. М. : Логос, 2003.
6. Аванесов В.С. Тесты в социологическом исследовании" (М., Наука, 1982.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚАЖУЫН АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Бейсембаева К.Д.

Білім беру ұйымдарындағы педагогтардың денсаулығын сақтау бойынша алдын алу іс-әрекетінің жекеленген педагогтар үшін үлкен практикалық мәні болады, сонымен бірге ол созылмалы психосоматикалық аурулардың алдын алу тұрғысында маңызды мемлекеттік міндет ретінде анықталады. Аса өзекті мәселе ретінде, педагогтың психологиялық күйін өзіндік реттеу мәселесі алынады, яғни білім беру ұйымдарындағы педагогтардың кәсіби дамуы үшін бірінші кезектегі психологиялық мәселе болып саналады. Эмоционалды қажу мәселесіне арналған қазіргі зерттеу жұмыстарының арасында, мұғалімнің еңбегі мен іс-әрекетіне қатысты жұмыстар маңызды орын алады. Педагогикалық іс-әрекеттің күйзелістің факторлардың көп болуы, педагогикалық жағдаяттардың күрделілігі сияқты ерекшеліктері,

мұғалімдердің эмоционалды қажуына деген жоғары бейімділігін қалыптастырады.

Кәсіптегі қажу («жану») синдромы білім беру ұйымындағы жасампаздық үрдістердің маңызды факторы, уақытша еңбекке жарамасыздықтың және мүгедектіктің факторы, білім беру мекемесіндегі инновациялық әлеуетті құрудағы кедергі болып табылады. Қазіргі кездегі білім беру ұйымындағы аса күрделі мәселелердің бірі, педагогтардың эмоционалды қажу мәселесі («жану») болып табылады. Эмоционалды қажу («жану») мәселесі психология ғылымында жеткілікті кең қарастырылып келеді. Қазіргі ғылыми зерттеулер аталған синдромның педагог қызметкерлердің арасындағы кең таралуын көрсетеді.

Эмоционалды қажу - бұл адамның өз мүмкіндіктерінің шеңберінен тыс, шамадан көп жұмыс істеген жағдайда туындайтын эмоционалды күйі. Ол бірте-бірте пайда болады, оның дамуын үш сатыға бөліп қарастыруға болады:

1. Бірінші сатыда педагог қоршаған. болмысты өткір қабылдауды тоқтата бастайды. Оған айналасында болып жатқан оқиғалардың қолайсыздық тудырмайтын сияқты болып көрінеді, алайда оның рухани жай-күйін

бағалайтын болсақ, онда жалғыздық пен үмітсіздік сезімі болатынын айқын байқауға болады.

2. Екінші сатыда педагог білім беру үдерісінің қатысушыларына өзінің жағымсыз қатынасын көрсете бастайды. Өзінің сәтсіздіктеріне кінәлі адамдарды үнемі іздейді. Өзінің қателіктері үшін жауапкершілікті басқаларға ауыстыруға тырысады. Өзінің оқушылары, олардың ата-аналары, сонымен бірге әріптестері мен басшылары туралы жағымсыз пікірде болады. Алғашқы кезде педагог өзінің жағымсыз көріністерін ұстауға тырысады, алайда симптомның артуына қарай өзінің эмоцияларын бақылай алмайды.

3. Эмоционалды қажудың үшінші сатысында педагогтың айналасында болып жатқан оқиғаларға бейтараптығы мен немқұрайлылығы пайда болады. Мұғалім өзінің міндеттерін жай орындайды, алайда оны орындауда қызығушылық пен бастама көрсетпейді. Балаларға қажетті бағдарламаны ғана ұсынады. Ата-аналармен қатынаста салқынқандылық танытады, оқушылар үшін мазасызданбайды, сыныптың мүдделерін әріптестері мен басшылардың алдында қорғамайды.

Түйін сөздер: педагог, эмоционалды қажу, кәсіби даму, денсаулық, профилактика, психологиялық диагностика, блок, білім беру ұйымы.

Білім беру ұйымдарындағы педагогтардың денсаулығын сақтау бойынша алдын алу іс-әрекетінің жекеленген педагогтар үшін үлкен практикалық мәні болады, сонымен бірге ол созылмалы психосоматикалық аурулардың алдын алу тұрғысында маңызды мемлекеттік міндет ретінде анықталады. Аса өзекті мәселе ретінде, педагогтың психологиялық күйін өзіндік реттеу мәселесі алынады, яғни білім беру ұйымдарындағы педагогтардың кәсіби дамуы үшін бірінші кезектегі психологиялық мәселе болып саналады. Соңғы он жылда педагогтардың денсаулығын сақтау мәселесінің өзектілігі, ҚР «Білім туралы» Заңында көрсетілген өзгерістерге байланысты аса және ерекше маңызды бола түсті.

Кәсіптегі қажу («жану») синдромы білім беру ұйымындағы жасампаздық үрдістердің маңызды факторы, уақытша еңбекке жарамсыздықтың және мүгедектіктің факторы, білім беру мекемесіндегі инновациялық әлеуетті құрудағы кедергі болып табылады. Қазіргі кездегі білім беру ұйымындағы аса

күрделі мәселелердің бірі, педагогтардың эмоционалды қажу мәселесі («жану») болып табылады.

Осылайша, педагогтың өз кәсібінде жеткілікті мол тәжірибе жинақтаған кезде, жоғары санатты мұғалім болған кезде, білім алушылармен жұмыстың алуан түрлі тәсілдерін меңгерген кезде, оқытудың көптеген әдістері мен әдістемелерін меңгергенде, аталған қиындыққа тап болатыны сөзсіз. Осы жас кезеңінде көпшілік жағдайда педагогтар отбасы құрып, балалары өсіп, тұрмысы жақсарады. Алайда, олардың жұмыс белсенділігінде төмендеу байқалады, энтузиазм жоғалады, мазасыздану мен агрессивтілігі артады, педагог қоршаған әлемді «қара түсте» көре бастайды, тіпті жұмыс орнын тастап кетеді немесе қызметін ауыстыруы мүмкін.

Эмоционалды қажу («жану») мәселесі психология ғылымында жеткілікті кең қарастырылып келеді. Қазіргі ғылыми зерттеулер аталған синдромның педагог қызметкерлердің арасындағы кең таралуын көрсетеді. Сонымен бірге, аталған құбылыстың «адам-адам» саласына тән кәсіптерге қатысты болатынын көрсететін жұмыстар бар (Горелова Г.Г., Долгова В.И., Мельник Е.В.) [1].

Эмоционалды қажу мәселесіне арналған қазіргі зерттеу жұмыстарының арасында, мұғалімнің еңбегі мен іс-әрекетіне қатысты жұмыстар маңызды орын алады. Педагогикалық іс-әрекеттің күйзелістің факторлардың көп болуы, педагогикалық жағдаяттардың күрделілігі сияқты ерекшеліктері, мұғалімдердің эмоционалды қажуына деген жоғары бейімділігін қалыптастырады. Эмоционалды қажу - бұл адамның өз мүмкіндіктерінің шеңберінен тыс, шамадан көп жұмыс істеген жағдайда туындайтын эмоционалды күйі. Ол бірте-бірте пайда болады, оның дамуын үш сатыға бөліп қарастыруға болады:

1. Бірінші сатыда педагог қоршаған. болмысты өткір қабылдауды тоқтата бастайды. Оған айналасында болып жатқан оқиғалардың қолайсыздық тудырмайтын сияқты болып көрінеді, алайда оның рухани жай-күйін бағалайтын болсақ, онда жалғыздық пен үмітсіздік сезімі болатынын айқын байқауға болады.

2. Екінші сатыда педагог білім беру үдерісінің қатысушыларына өзінің жағымсыз қатынасын көрсете бастайды. Өзінің сәтсіздіктеріне кінәлі адамдарды үнемі іздейді. Өзінің қателіктері үшін жауапкершілікті басқаларға ауыстыруға тырысады. Өзінің оқушылары,

олардың ата-аналары, сонымен бірге әріптестері мен басшылары туралы жағымсыз пікірде болады. Алғашқы кезде педагог өзінің жағымсыз көріністерін ұстауға тырысады, алайда симптомның артуына қарай өзінің эмоцияларын бақылай алмайды.

3. Эмоционалды қажудың үшінші сатысында педагогтың айналасында болып жатқан оқиғаларға бейтараптығы мен немқұрайлылығы пайда болады. Мұғалім өзінің міндеттерін жай орындайды, алайда оны орындауда қызығушылық пен бастама көрсетпейді. Балаларға қажетті бағдарламаны ғана ұсынады. Ата-аналармен қатынаста салқынқандылық танытады, оқушылар үшін мазасызданбайды, сыныптың мүдделерін әріптестері мен басшылардың алдында қорғамайды [2].

Эмоционалды қажу феноменін сипаттауға арналған зерттеулерде үш негізгі тұғырды ажыратып көрсетуге болады:

- а) жеке-даралық тұғыр;
- б) тұлғааралық тұғыр;
- в) ұйымдастырушылық тұғыр.

Осы аталған тұғырлардың әрқайсысы эмоционалды қажу феноменінің пайда болуын

жекеленген деңгейлерде сипаттайды. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде аса тиімді әдіс ретінде модельдеу әдісі алынады, оны В.И. Орёл, В.И. Долгова, Я.Т. Жакупова, В.В. Лукьянова және т.б. сияқты қазіргі заманғы ғалымдар кең қолданады [3,4,5,6,]. Модельді құру үдерісі жеткілікті уақытты талап етеді, зерттеуші модельді құруда бірнеше кезеңдерден өтеді.

Бірінші кезең – зерттеушіні қызықтырған құбылыспен байланысты озат тәжірибені мұқият зерттеу, оы тәжірибені талдау және жалпылау, болашақ психологиялық модельдің негізіне алынатын болжамды құру.

Екінші кезең – зерттеу бағдарламасын құрастыру, бағдарламаға сәйкес практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру, оған түзетулер енгізу, зерттеу болжамын нақтылау.

Үшінші кезең – модельдің соңғы нұсқасын құру. Егере екінші кезеңде зерттеуші құрастырылатын құбылыстың әртүрлі нұсқаларын ұсынса, үшінші кезеңде ол осы нұсқалардың негізінде жүзеге асыратын үдерістің немесе жобаның соңғы үлгісін құрады.

Біз зерттеу барысында білім беру ұйымдарының педагогтарының эмоционалды қажуының алдын алу моделін құрастырды, ол модель 4 блоктан құралады.

Бірінші диагностикалық блок.

Мақсаты: педагогтардың эмоционалды қажуын диагностикалау, қауіп факторларын анықтау, психологиялық алдын алудың жалпы бағдарламасын құрастыру.

Бұл блоктағы жұмыс диагностикалық инструментарийді іріктеуден басталады, тікелей бақылау барысында әрбір педагог туралы мәліметтер жиналады, зерттеу нәтижелері тіркелетін жеке карталар құрастырылады. Алынған ақпарат профилактикалық жұмыстың бағыттарын белгілеуге көмек береді және оны табысты жүзеге асыру үшін ұсыныстар құрастыруға ықпал етеді. Аталған ақпарат негізінде, сонымен бірге әртүрлі жағдайдағы педагогтардың бақылауы негізінде аталған педагогпен жұмыс барысында көмек беретін және басқа мамандар үшін жұмыс бағыты көрсетілетін педагогикалық сипаттама құрастырылады. Мәліметтермен аса тиімді жұмыс жасау үшін, алғашқы диагностика барысында ақпаратты өңдеудің графикалық әдісі – диаграммалар қолданылады. Мұндай

әдіс зерттеу нәтижелерін көрнекі түрде ұсынуға және ақпаратты терең қайта талдауға мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық профилактика.

Мақсаты: сыналусылардың дамуын үйлесімді ету және оңтайландыру, дамудың жағымсыз сатысынан жағымды сатысына өту, әлеммен және өзімен өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгеру.

Аталған блокты жүзеге асыру барысында білім беру ұйымдарындағы педагогтардың эмоционалды қажуының алдын алу бағдарламасын апробациядан өткізіледі.

Бағдарламаның мақсаты: білім беру ұйымдарындағы педагогтардың эмоционалды қажуының алдын алу.

Бағдарламаның міндеттері:

- қолайлы психологиялық ахуалды құру;
- эмоционалды күйді реттеу қабілетін дамыту, өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгеру;
- пән мұғалімдерінің эмоционалды қажуы тақырыбы бойынша білімдерін арттыру;
- эмоционалды қажудың алдын алу.

Топпен жұмыс формалары: жаппай жұмыс, шағын топтардағы жұмыс (3-4 адам), жұптық жұмыс, жеке-

дара жұмыс, мини-дәрістер, жеке және топтық жаттығулар, релаксация әдістері. Топпен жұмыс істеу әдістері: әңгіме-пікірталас, ойын жаттығулары (психотехникалық ойындар мен жаттығулар, іскерлік ойын).

Бағдарламаны жүзеге асыруда күтілетін нәтиже:

1. Ұжымның денсаулығының негізгі көрсеткіштері тұрғысынан ондағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды қайта талдау.

2. Психикалық қысымның себептерін анықтау, эмоционалды қажудың белгілерін төмендету және эмоционалды қысымның алдын алу.

3. Жеке-психологиялық жағымсыз күйлердің алдын алу немесе төмендету тәсілдері туралы мұғалімдердің ақпараттандырылу деңгейін арттыру.

4. Ұжымда мұғалімдерді әлеуметтік-психологиялық қолдау жүйесін құруға саналы бағдарлау негідерін қалыптастыру.

Бағдарламаның құрылымы: бағдарлама аптасына 3 сағаттан 5 сағатқа құрылған. Сабақтар тренингтік формада өткізіледі. Сабақтар циклы 3 блокқа бөлінген. Қалыптастырушы блок педагогтардың жетекші және ұсынылатын тақырыппен танысуына, мейірімді

байланысты орнатуға, жеке және топтық мақсатты болжауға бағытталған 1 сабақтан тұрады. Негізгі блок 3 сабақтан құралады, олар жұмыстың тақырыпнамасы бойынша эмоционалды қажу деңгейін реттейтін және түзететін білімді арттыруды қамтиды. Қорытынды блок соңғы сабақтардан құралады және өнімді бірлескен іс-әрекет арқылы алынған тәжірибені бекітуді қамтиды.

Бағдарламаны жүзеге асыру формасы. Бағдарламаны жүзеге асыру педагогтармен топтық сабақтар циклын жүргізуді қамтиды. Мақсатты топ – білім беру ұйымдарының педагогтары. Топтың толықтырылуы - 10-12 адам. Сабақты білім беру ұйымының педагог-психологы жүргізеді. Курстың ұзақтығы 15 сағатты құрайды. Сабақты жүргізу үшін кең бөлме, орындықтар мен үстел, компьютер, проектор, колонкалар қажет.

1-сабақ. Мақсаты: қатысушыларды тренинг тобындағы жұмыс ерекшеліктерімен таныстыру, орындалатын жұмыстан қатысушылардың нәтиже күтуін анықтау.

2-сабақ. Мақсаты: «Эмоционалды қажу» тақырыбы бойынша білімдерін арттыру.

3-сабақ. Мақсаты: өзінің кәсіби іс-әрекетін модельдеу.

4-сабақ. Мақсаты: бұлшық ет қысымын төмендету, босаңсу.

5-сабақ. Мақсаты: топтың жұмысының қорытындысын шығару, тренинг нәтижелерін бағалау, зерттеу проблемасын жалғастырудың ықтималды жолдарын болжау.

Екінші диагностикалық блок. Мақсаты: психологиялық мазмұнды өлшеу.

Бұрын таңдалған әдістемелер бойынша диагностика қайталанып жүргізіледі. Оның нәтижелері педагогтардың жеке карталарына тіркеледі.

Алынған нәтижелерді талдау. Мақсаты: реакцияның динамикасын өлшеу, мінез-құлықтық жағымды реакциялар мен күйлердің туындауына ықпал ету, позитивті өзіндік бағалауды тұрақтандыру.

Психологиялық профилактиканың тиімділігін бағалау критерийлері, дефектінің құрылымын, оның көріну механизмдерін есепке алуды, профилактиканың мақсаттарын және психологиялық әсер ету әдістерін талдауды талап етеді. Профилактикалық жұмыстың нәтижелері педагогтың жұмыс істеу барысында, аталған

үдерістің соңында және сабақтар аяқталғаннан кейін ұзық уақыт бойында көрінуі мүмкін. Әрі қарай эмоционалды қажудың алдын алу бойынша әрбір педагогқа арналған жеке ұсыныстар құрастырылды.

Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келе, келесі тұжырым жасауға болады: білім беру ұйымындағы педагогтардың эмоционалды қажуының алдын алу ең аз дегенде 4 блоктан құралуы керек: екі диагностикалық блок, бір профилактикалық блок және бір аналитикалық блок. Барлық блоктар өзара байланысты болуы қажет, себебі модельді құрастыруда және зерттеу жүргізу барысында материалды баяндаудың тұтастығы және қисындылығы принциптерін басшылыққа алу қажет. Біз ұсынған блоктар бірыңғай мақсатты көздейді: ол – білім беру ұйымдарының педагогтарының эмоционалды қажуының алдын алу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Горелова Г.Г. Личность и профессия: Профессионально-личностная реадaptация в условиях «тройного» кризиса. — Челябинск: Изд-во ЧГПУ, 2001. – С 45-47.

2. Долгова В.И. Проявление рефлексивного компонента системы профессионально важных качеств будущих педагогов-психологов / Травматизм, психологическая безопасность, сопротивляемость и культура: мат. Международной конф. (г. Челябинск, 26-28 апреля 2007 г.): в 2-х ч. – Челябинск: изд-во ЧГПУ, 2007. – С. 147-151.

3. Орёл В.Е. Синдром выгорания в современной психологии: состояние, проблемы, перспективы // Современные проблемы исследования синдрома выгорания у специалистов коммуникативных профессий . - Курск. гос. ун-т. – Курск, 2008. - С. 55-82.

4. Долгова В.И. Понятие «восприятие эмоций» в психологии / Методология и методика формирования научных понятий у учащихся школ и студентов вузов: материалы XII Международной науч.-практич.конф. 16-17 мая, 2005 г. – Челябинск: изд-во ИИУМЦ «Образование», 2005. – Ч.1. – С.105-107.

5. Лукьянова В.В. Современные проблемы исследования синдрома выгорания у специалистов коммуникативных профессий: коллективная монография. – Курск, 2008. – 336 с.

6. Долгова В.И., Жакупова Я.Т. Моделирование эмоционально-коммуникативной культуры (на примере подготовки педагогов-музыкантов)// В сборнике: Forms of social communication in the dynamics of human society development Materials digest of the XXXVII International Research and Practice Conference and the III stage of the Championship in philological, historical and sociological sciences. (London, December 05 - December 10, 2012). Chief editor - Pavlov V. V.. – London, 2013. – С. 69-71.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖАНДАНДЫРУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Измагамбетова Р.К.

Булабаева С.Т.

Измагамбетова Р.К.

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып, оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болды. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі керек. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Жаңа ғасыр – адамгершілік ғасыры, ал адамгершілік бастауы – мектеп. Ауыл баласының білімі мен тәрбиесі жаһандану аясында ұлтты рухани мәңгірттіктен сақтандыру ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағы» - деген еді. Ал, әлемдік өркениетке жету, мектепті

компьютерлендіру, интернет желісіне енгізу және қолданудан көрінбек. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімде ғана. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ.

Қазіргі қоғам дамуының маңызды міндеттерінің бірі – мектептік білім беру аясында біліктілігі жоғары мамандарды даярлау болып табылады. Біздің қоғамның болашағы мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және кәсіби деңгейіне тікелей байланысты.

Білім саласындағы маңызды өзгерістер болашақ мұғалімдердің кәсіптік дайындығына күрделі де нақты талаптар қойып отыр. Қазіргі қоғамда болып жатқан кең шеңбердегі өзгерістер білімді, саналы жастарды тәрбиелеуде үлкен міндет жүктері сөзсіз. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейдегі білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерінің бірі.

Қазір «Ғасырдың мектебі мен мұғалімі қандай болу керек?» деген негізгі сұраққа жауап ізделуде. Білім

берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар.

Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми-әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды істер.

Бұл талаптарды орындау үшін «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының оқушылардың шығармашылық жұмыс істеуіне, жаңа талапқа сай оқытуда көмегі зор.

СТО (сын тұрғысынан ойлау) – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлеуге, пікір таластыруға, бір-бірін ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге көмектесетін бағдарлама.

СТО-ның әдіс тәсілдері оқушылардың тынымсыз іздемпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Белгілі бір мазмұнға сын тұрғысынан қарау арқылы жастардың ойы дамиды.

Оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқытудың шығармашылық сипатын күшейтуге маңызы ерекше. Оқушының оқу еңбегіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін жандандыруда, сыныпта және жалпы мектеп бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеруде қолданылған стратегиялардың қай-қайсысы болмасын сабақ сапасының артуына үлесі зор. Сын тұрғысында ойлау барысындағы стратегияларды білімді меңгерудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болады.

«Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» бағдарламасына негізделген сабақтар оқушыларды жан-жақты және тереңірек ашуға, оларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге, оқушы көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді. Мұндай сабақты өту барысында сабақтың мақсатын нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығушылығын арттырып, ой-өрісін дамытуға назар аудару аса қажет.

Ойлау үрдісі жазу кезінде көрінеді, демек мұғалім үшін қол жетерлік. Жазып жатқан адам әр кезде белсенді. Ол әр уақытта өзіндік ойлайды да, өзінде бар білімнің барлығын қолдана алады. Ол өзінің айтқандарын нақтылай түсу үшін дұрыс дәлелдер келтіре біледі. Жақсы жазба жұмысы белгілі бір мәселені шешудің жолын іздеуді қамтып, одан шығу жолын оқырманға ұсынады.

Оқушыларға жүйелі білім беру және алған білі негізінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру сияқты оқу процесінің негізгі мәселелері сабақ беру арқылы жүзеге асады. Сондықтан да сабақ беру әдістеріне әрқашан да ерекше көңіл бөліп, оны жетілдіру күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Оқу жүйесінде білім беру мен тәрбиелеудің әр түрлі әдістері мен қалыптары болуға тиіс. Оқушылардың сабаққа ынтасын, шығармашылық белсенділігін арттыруда сабақты түрлендіріп, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана өткізудің де маңызы зор. Мұғалім – сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен, әр бала жасаған еңбегінің нәтижесін бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жағжайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Соның ішінен сабақ беруде басшылыққа алып, қолдануға ыңғайлысын келтіре кетейік:

1. Оқыту үрдісінде танып-білуге арналған материалға және оны игеру уәжіне оқушының қызығуын тудыру.

2. Оқыту үрдісі оқушының өзіне берілген тапсырманы орындау барысында орындауға қабілеті, білімі жеткендіктен оны ұжымдық талқылап, ойланып, гипотеза ұсынып, оны тексеруіне, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуіне негізделуі керек.

3. Оқушының тиімді даму жолдарын ашу үшін олардың әрқайсысының жеңістік жағдаятын алдын ала ескеру қажеттігі туады, яғни, оларға өз күштерімен орындай алатын тапсырмалар мен атқара алатын оқу тапсырмалар мен атқара алатын оқу тапсырмаларын беру керек. Сонда бала өзін жеңімпаз, қиын шыңды басып өтуші, меншікті жеңісті иеленуші ретінде сезінеді.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдылық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің де өзара байланысы қалпында өзгертілуін талап етеді. Мұны орындау үшін мына ұстамдар жүзеге асуы тиіс:

1. Оқушылардың өзіндік әіздену іс-әрекетінің әдістерін меңгеру талап етіледі. Өйткені бұл әдістердің күнделікті пайдаланылып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайдағы «оқыту әдістемесі» деп отырғанымыз: «оқушы - мұғалім» ұстанымының өзара тығыз байланыстығы. Демек, мұнда

бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері: оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронталды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

3. Жаңа технологияның мақсаты бойынша «оқытуды ізгілендіру» қажет. Бұл үшін оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар мұндай талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар керек-ақ.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да,

әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалім қалыптастыруға бағытталады. Педагогикалық жаңалықтарды жасау, игеру қолдауды біріктіретін инновациялық процесстер білім беруді жаңарта алатыны сөзсіз. Сондықтан да, инновациялық процесстерді игеру, жасау, қолдану мәселелерін талдау және жүзеге асыру білім беру жүйесінің әр түрлі баспалдақтарында кеңінен қолдануда. Мұғалімдер мен практикалық қызметкерлердің педагогикалық жаңа білімге деген қажеттіліктің күшеюінен келесі тенденция туындайды. Педагогикалық жаңалықтарға объективті баға бере алатындай, инновацияларды игере алатындай педагогикалық қауымның құрамын және құрылысын

жаңарту жүзеге асып жатыр. Жаңа ақпараттық технология білім берудің стратегиясы ел мақсаттарына қызмет етеді, Қазақстан Республикасы Білім беру стандартына қоғамның қазіргі даму кезеңінен туындап отырған әлеуметтік сұранысқа орай баланың тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізетін жаңа технологиялық білім мазмұнын жасау және онымен үйлесімді оқытуды ұйымдастыру түрлерін анықтау қажеттілігі атап көрсетілген. Алайда, ғылыми зеріттеулер және біздің тәжірибеміз көрсеткендей баланы тұлға ретінде қалыптастыру үшін, қазіргі дидактиканың көкейтесті мәселесі - мектеп пәндерін соның ішінде технология мектеп курсы педагогика ғылымына сай әдістемелік жаңарту, білім беру жүйесін инновацияландыру керек екендігін көрсетіп отыр. Технология пәнін оқытудағы тиімді жолды таңдап алу үшін эканомиканың осы қағидасын сүйгенді жөн көрдік. Әрбір бала мектепке білім алуды мақсат етіп келетіні аян. Бірақ нарықтық қатынас жағдайында оқушының білім алуға деген ынтасының төмендеп кеткені бізді қатты алаңдатады. Ұстаздың алға қойған

мақсаттарының бірі оқушы белсенділігін арттыру, олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы іздестіру, олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы іздестіру ой – таласын туғызу. Сатылай комплексті талдау дегеніміз - оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай жүйелі, комплексті менгертіп, оларға ұлттық құндылықтарда бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Бұл технологияның басты ерекшелігі-оқушы өз бетімен ізденіп, шығармашылықпен жұмыс жасайды, оның сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артады. Жаңаша педагогикалық технология- ғылым жетістігі. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Жаңа технологияны күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагог мақсат-мүддесін өз шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруды, мұғалім белсенділігін, шығармашылық ізденісін, өз

мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін әділ бағалауы ерекше орын алады. Білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі қазіргі кездегі білім берудегі мақсат жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, істеген ісіне тұжырым Мектептерде жаңа технологиялық оқытудың тиімді жолдарын іздестіру жалғасуда. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, сабақта пікір таластырып, өз ойларын ортаға емін – еркін сала отырып, ашық айтуының да маңызы зор. Оқушылармен шығармашылық бағытта жұмыс жасаудың ұтымды жағы:

1. Бала оқулық көлемінен шығып ойнайды.
2. Ойлағаны мен оқығанын саралап, салыстыра біледі.
3. Көпшілік алдында шығармашылық жұмысын қорғап, пікір айта біледі.
4. Оқуға, білімге, ғылымға қызығушылығы артып, одан әрі дами береді.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімді болуына негізгі пәндерді игеріп, сапалы білім алып, сауатты да қабілетті азамат болып

шығуына ұстаздар жауапты. Олай болса мұғалім үздіксіз білім жетілдіріп, ізденіспен жұмыс жасауы қажет. Қазіргі кезде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы адам қоғамының барлық саласына еркін кіріп, байланыстың аймағын кеңейтуде. Мұғалім жан-жақты идеясын байытуда ақпараттық құралдарды қолдану арқылы түрлі инновациялық технологияларды сабақта тиімді пайдаланудың жолдарын табады. Тек өзінің шығармашылық ізденістерін ғана емес, әріптестерінің де жетістіктері мен кемшіліктерін қатар алып, аналитикалық талдаулар жасайды. Инновациялық технологияларды нәтижелі қолдану мектеп мұғалімін нақты пікір қорытып, ойлау көкжиектерін кеңейтіп, ой еркіндігіне жол ашуына мүмкіндік береді. Елбасы Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстаздарға жүктелетін міндет ауыр» - деген болатыу. Қазіргі заман мұғалімдерімен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педогогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси эканомикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны

құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Ақпараттық мәдениет бұл әңгімелесе білу, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігінді шектей білу. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеру тиіс.

Сонымен қатар, инновациялық технологияларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, кестелер және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Жаңашыл ақпараттық құралдар арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, дыбыс пен музыка

тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймыз.

Қоғамның дамуы жас ұрпақтың меңгерген білімі мен машықтық қалыпқа түскен іскерлік дәрежесіне байланысты. Ұлтты ұлт етіп дүниезүзілік деңгейге көтеретін оның саналы да дарынды, талантты ұрпағы. Ал білімді ұрпақ ,болашақ ел тірегін тәрбиелейтін, оқытатын - ұстаздар екені аян. Ендеше заман талабына сай оқыту, білім беру, модернизация деңгейіне жеткізу – біздің міндетіміз. Сондықтан балаға білімді қалай игертсем, олардың сабаққа деген қызығуын қалай арттыра түссем деген мәселе қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қорыта айтқанда, жаңа педагогикалық мұндай технологиялар арқылы оқытуды ізгілендіру мен демократияландандыруға, оқушылардың өздігінен бағыт – бағдарын анықтап, дамуына, ең бастысы, өзін-өзі тәрбиелей алатын тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауға болатыны күмәнсіз.Инновациялық технологияларды қолдану барысында оқушылардың

сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде инновациялық технологияларды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. А.,2010
2. ҚР 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы. А., 2012ж.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты. А, 2012
4. Дауыс пен көрініс. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау туралы ұлттық журнал. №3, 2004 ж.
5. Жексенбаева Ү.Б. «Зерттеушілік оқыту технологиясы» (Бастауыш мектепке). А, 2010
- 6.«12 жылдық білім беру» республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журналы.№3, 2011

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сманов А.А.

Мақалада ақпарат, ақпараттық технология, ақпараттық-коммуникациялық технология сөздеріне анықтама беріледі. Елімізде білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген мамандарға деген сұраныстардың артуы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып қолданудың маңызы жайлы айтылды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам іс-әрекетінің барлық салаларына енуімен қоса, біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылатындығы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездететіндігі және жеңілдететіндігі қарастырылған.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму бағдарламасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы және бейімделуі экономикалық көрсеткіштерге ғана

емес, адамдардың өмір сүру салтына да әсер етіп, қоғамды жаңғыртудың маңызды факторы болатыны жайында сөз болған [1]. Бұл стратегиядан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың қазіргі кездегі Қазақстанның экономика, ғылым мен білім салаларына және еліміздің азаматтарының өмірі үшін маңыздылығын байқаймыз.

Қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы еліміздің ғаламдық ақпараттық үдерістерге ілесуін жеделдетуде. Қазіргі уақытта кез келген іс-әрекетте жоғары сапаға жету, адамның ұтқыр болып, өз бетінше жылдам ықпалды шешім қабылдай алуды ақпараттық технологияларды меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар уақытты үнемдеп, білімдік ақпарат алуды жеңілдетеді, қашықтықтан білім алу мүмкіндігін туғызады. Осыған орай, адам әрекеттерінің барлық аймақтарындағы ақпараттық білімдерді пайдалану қарқынды жүруде.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлемдік экономиканы дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Ақпарат дәуірінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық инфрақұрылым жаңа бизнес-үлгілерді, тауарлар мен

қызметтерді, жаңа ашылулар мен өнертабыстарды дайындауға ықпал жасайды, жалпы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыра отыра мемлекеттің дамуын қайта құрудың ғылыми-технологиялық кілті болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының ірі бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына кіруге қатысты мақсаттары елде білімге негізделген жаңа экономиканы қалыптастыру бойынша үлкен күш жұмсауды талап етеді. Осындай талаптың жүзеге асуы тек ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту және енгізу арқылы мүмкін болатындығы сөзсіз.

Осыған байланысты еліміздің алдында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тұтынудың және қолданудың өсу қарқынын елеулі арттыру және елдің бәсекеге қабілеттілігін ұзақ мерзімді қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру жүйесіне енгізуді жеделдету міндеті тұр. Қазіргі таңда аралас, яғни дәстүрлі және электрондық оқыту тәжірибеден өткізілуде. Халықаралық зерттеулерге сәйкес (Watson, John, 2008) болашақта аралас оқу түрі орта білім беру саласында басымдыққа ие болады деп

күтілуде, - деп А.Қ.Мошқалов өз еңбегінде айтып кеткен.

«Ақпараттық технология» термині ғылымда XX ғасырдың 40-50 жылдары пайда болып, Америкада XX ғасырдың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа», «оқыту машиналары», «оқытуды автоматты түрде басқару» сияқты ұғымдармен байланыста болды [2].

Ақпараттық технологиялар – ақпаратты пайдалану үдерісін жеңілдетуге арналған әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы, ақпаратты алу, түрлендіру, жіберу, сақтау және пайдалану әдістері мен құралдары. Сондай-ақ, ақпараттық технологиялар деп микропроцессорлық және есептеуіш техниканың, сондай-ақ, ақпаратты жинау, жасау, қорға жинақтау, сақтау, талдау және жіберу жұмыстарын қамтамасыз ететін ақпарат алмасудың заманауи құралдары мен жүйелері негізінде қызмет ететін бағдарламалық-құрылғылық құралдар мен қондырғыларды айтамыз.

Ақпараттық технологиялардың пайда болуы мынадай жетістіктерге байланысты: ақпаратты жинақтаудың жаңа құралдарының пайда болуы, байланыс құралдарының дамуы, компьютердің

көмегімен ақпаратты лезде жасап шығару мүмкіндігі. Ақпаратқа нақты анықтама беру ғылымдағы күрделі мәселенің бірі болып келеді. Кибернетикалық тұрғыда ақпарат деп деректер, мәлімет, хабар туралы бастапқы хабарлау ұғынылады. Кибернетика ақпарат ұғымын адам сөзі мен коммуникацияның басқа да формалары аясынан шығарып, кез келген түрдегі мақсатты түрде бағытталған жүйелермен байланыстырады. Ақпарат үш түрлі формада көрінеді:

- биологиялық (биоток, генетикалық механизм байланыстары);
- машиналық (электр тізбегіндегі сигналдар);
- әлеуметтік (қоғамдық жүйедегі білім «қозғалысы»).

Жасанды интеллектіге байланысты түсіндірме сөздікте ақпаратты нақты деректер мен олардың арасындағы байланыс туралы білім жиыны деп, екіншіден есептеу техникасында берілген келісім арқылы белгілі бір деректер қорына ғана қатысты, ЭЕМ-ге енгізілетін, оның жадында сақталатын, өнделетін әрі пайдаланушыларға берілетін мазмұн екеніне акцент жасалады.

Ақпараттық технология – белгілі бір міндеттерді орындау бойынша әрекет сызбасы және оның техникамен қамтылуы. Интернет желісінде және компьютерде жұмысты жеңілдету үшін пайдаланылады. Ақпаратты тарату, өзгерту, сақтау, жинақтау үшін құрал ретінде қолданылады [3].

Ақпараттық-коммуникациялық технология – белгілі бір күткен нәтижені алу үшін ақпаратты қолдану, тапсыру, сақтау, өңдеу, автоматтандырылатын әдістер, амалдар, құралдар жиынтығын көрсететін информатиканың ғылыми аясындағы қолданбалы бөлігі [4].

Білімді ақпараттандыру – Интернетке қосылумен, электрондық оқулықпен мектепті компьютерлермен жабдықтауымен ғана шектелмейтін көпдеңгейлі күрделі үдерісі. Қазіргі таңда техникалық құралдарды қолданудың мазмұндық жағын қарастыру және дамыту қажет. Техникамен қамту ақпараттандыру үдерісінде маңызды іс болып табылады [4].

Ақпараттық қоғамның әр адамы осы салада құзыретті болуы дәлелдеуді қажет етпейді деп санаймыз. Демек, білім беру жүйесінде білімді ақпараттандырудың мемлекеттік маңызы бар мәселе

болуы заңдылық. Оның ішінде осы сала үшін мамандар дайындаудың өзектілігі артады. Бұл бағытта елімізде ізденістер жасалып, бірқатар зерттеулер жүргізілді.

Ақпараттық технологиялар – білім алуды дұрыс ұйымдастыру құралдары. Компьютер – ақпараттық технологиялардың негізгі құралы болып табылады, ол білім алудың әртүрлі формаларында қолданылады. Ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде қолдану үшін білім алушы мен оқытушының арасында белсенді әрекет қажет. Ол үшін: өзара әрекет, бірлескен әрекет, өзара түсінушілік, өзіндік бақылау әрекеттері қажет. Ақпараттық технологиялардың қолдану тиімділігі ақпараттарды іріктеу, талдау, салыстыру, өңдеу және іс-тәжірибеде қолдану әрекеттерінен көрінеді. Тұлғаның өзіндік дамуына ақпараттық технологиялардың әсер ету мүмкіндіктері мол.

Сонымен, білімді ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары, тиімді технологияларына сүйенген жаңа білім мазмұнына көшу болып табылса, оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану білім беруші және білім алушы субъектілердің қарым-қатынасының бұрынғы

қалыптасқан жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын елеулі өзгерістерге ұшыратады. Қалыпты білім беру жүйесінде «білім беруші – білім алушы – оқулық» түрінде құрылған үш жақты байланыс бұзылып, «білім беруші – білім алушы – компьютер» жүйесі пайда болды. Мұндай жүйеде білім беру оқу-тәрбие үдерісінде компьютерді қолдану оқытушының білімі мен біліктілігіне, ақпараттық құзіреттілігіне қойылатын талаптарды қайта қарап, жүйелеуді және жетілдіруді алдыңғы қатарға шығарады.

Қорыта келе, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке

адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, телеконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2050 жылғы стратегиясы // Астана, 2012.
2. Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н. Педагогтардың АКТ-ны қолдану арқылы құзырлылығын қалыптастыру бойынша портфолио // Алматы, 2012,-30 б.
3. Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру // Алматы, 2014, -161 б.
4. Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері // Алматы, 2015, - 390 б.

БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ БАСҚАРУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Халитова И.Р.

Садықова М.К

Әрқандай оқу– тәрбие мекемесі өз алдына шағын қоғам іспетті. Оның мүшелері оқушы және оқытушы, тәрбиелеуші және тәрбиеленуші, білім алушылар мен ұстаздардан құралатын қауым. Ондағы жекелеген тұлғалардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, көзқарасы, пікірі, мінез–құлқы, арман мақсаты мен мұраты бар. Әр мекеменің мемлекет тарапынан қойылған талаптары мен заңдар негізінде түзілген жарғысы, ереже қағидасы болады.

Ғылыми әдебиеттерде көбінесе әлеуметтік үрдістер жайлы айтылады. Біздің қарастыратын мәселеміз - әлеуметтік- педагогикалық үрдістер. Бұған кейбір анықтамалар берілгенімен, түбегейлі зерттелмеген және ол үрдістерді басқару мәселесі енді ғана қолға алынып келеді. Бұл мақалада біз әлеуметтік– педагогикалық үрдіс, әлеуметтік-педагогикалық

үрдісті басқару, оқу –тәрбие мекемелеріндегі әлеуметтік педагогикалық үрдістерді басқару ұғымдарына анықтама беріп, оның құрамын айқындап, оны басқару ұстанымдары және олардың маңызын ашып көрсетпекшіміз.

Әлеуметтік үрдістердің ұғымдары – әлеуметтік құрылым және оның элементтері жайында : А. Г.Романовский осы элементтер арасындағы әлеуметтік байланыстар[1]; Е. А. Подольская әлеуметтік аумақта[2] өзгермейтін объекті мен субъектілер жоқ, мәдени кешендер өзгереді, топтардың құрамы, Г. И.Козырев олардың арасындағы өзара байланыстар да өзгереді[3], П.Штомпка әлеуметтік байланыстар өзгереді[4]-деп атап өтеді. Бұл өз кезегінде қоғамның өзгеруіне алып келеді, оның саясатына, өмір салтына, мысалы төңкеріске дейінгі қазақтың өмір салты мен төңкерістен кейінгі, кеңес дәуірі кезіндегі және қазіргі т.с.с.

Педагогика ұстанымдары, оның ішінде оқыту мен тәрбие ұстанымдары, әлеуметтік жұмыс ұстанымдар, басқару ұстанымдары әр түрлі қырынан қарастырылған. Басқару нысаны–объектісі, субъектілері, мазмұны, формалары, әдістері мен

ұстанымдары, педагогикалық үрдіс және оны басқару отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Біз көтеріп отырған мәселе, оқу–тәрбие мекемелеріндегі әлеуметтік–педагогикалық үрдістер және оларды басқару ұстанымдары. Мақала осыны қарастырады.

Басқару - жүйені реттеу, жетілдіру және дамыту мақсатында оған ықпал ету, сапалық ерекшеліктерін сақтап қалу үшін істелетін әрекеттер. Жалпы қоғамды әлеуметтік басқарудың құрамды бөлігі. Басқару теориясы ХІХ-ХХ ғғ.аралығында қоғамдық талаптардан туындап, ғылым мен техниканың дамуына алып келді, өз кезегінде материалдық өнімдер мен бизнеске зор ықпал етті.

Қоғамды ғылыми тұрғыда басқару теориясын Ф.Тейлор, Г.Форд, Г.Эмерсон, А.Файоль, Э.Мэйо т.б. ғылыми менеджмент негізін қалаушылар жасаған. Мысалы, Анри Файол басқару - бұл болашақты танып білу, оны болжау және соған сәйкес бағдарлама түзу; ұйымдастыру - бұл кәсіпорынның қабат материалдық және әлеуметтік құрылымын жасау; билік ету - кәсіпорын қызметкерлерін іске қосу; келісім -күш біріктіру, іс -қимылды байланыстыру, тұтастыру;

бақылау - барлығы белгіленген тәртіп пен ереже және айтылған биліктің дұрыс орындалуын байқастыру, - деп жазды. Өткен ғасырдың 80 –жылдарынан бастап басқару белгілі үрдіске қатысушыларға жоспарлы, мақсатты түрде ықпал ету түрінде болды. Сөйтіп басқару - басқарылу жүйелері, бағынушылар мен басқарушылар арасындағы мақсатты жоспарлы ықпалдастық арқылы белгіленген сапалық нәтижеге қол жеткізу немесе көздеген мақсатты іске асыру деген пікірдеміз.

Басқару жайлы келтірілген танымал мектептердің басты пікірлері мынадай: американдық менеджмент-құлшыныс(инициатива), жоғары деңгейдегі кәсіпқойлық, жігерлілік (решительность), іскерлік пен өзін ұйымдастыру; Жапонияда –эр қызметкерге қамқорлық, ынтымақтастық, жетілуге ынтасын арттыру, ішкі үйлесімділік, өндірістің әлеуметтік қауіпсіздігі; француздық менеджмент-ұйымдастыру мәдениетіндегі ізгілік, өзара байланыстардың жоғары деңгейдегі мәдениеті; ұлт тарихынан қазіргі басқару жүйесіне қажетті мәдениет, дәстүр ерекшеліктеріне тиесілі тұстарын тауып ендіру;

Басқарудың ұлттық ерекшеліктерін ескеретін төмендегідей жалпы тәсілдері бар:

- тұлғаның жеке әлеуетінің ашылуына жағдай қалыптастыру;

- адамның мүддесі, сұрау талаптары мен үмітін айқындау;

- адамның тырысып еңбектенуі нәтижесінде өз қажеттіктерін қамтамасыз етуіне жағдай туындату;

- басқарудың демократиялы, қалыпты, икемді әдіс тәсілдеріне ұмтылу;

Оқу- тәрбие мекемесіндегі әлеуметтік-педагогикалық үрдістерді басқару жалпы менеджменттің негізгі ұстанымдарына табан тірейді:

- мақсатты көздеу және бірізділік;

- жарыстыру және шешім қабылдауға орындаушыларды тарту;

- ғылымилықтың басқару өнерімен ұштасуы;

- қызметтегі кәсіпқойлық пен іс-әрекеттегі әмбебаптық арасындағы байланыс;

- орталықтан реттеу мен өзіндік басқарудың ұтымды тұтасуы;

- қызметкерлердің жеке ерешеліктерін ескеру;
- әр желіде құқық пен жауапкершіліктің бірлігін қамтамасыз ету;
- бірізділік пен үздіксіздік;
- бақылау және үйлестіру іс-қимылдары;
- тұлғаралық мәміле, топтық құлықтардың заңдылықтарын ескеру;
- білім мекемесінің әкімшілігі, бір жағынан басқару субъектілерін біріктірсе, екінші жағынан, өзінен жоғары тұрған басқару орындары үшін объект болып саналады. Мысалы, белгілі бір педагогикалық университет әкімшілігі өз қызметкерлері басқару міндетін атқарса, тағы бір жақтан ол білім министірлігінің объектісі болып табылады.

Мемлекеттік басқару ұғымы қоғамның барлық салаларына тиесілі бола тұрып, соның ішінде білім саласына да қатысты. Бұл саланы басқару мемлекет тарапынан заң түрінде белгіленген ұстанымдарды негізге алады. Бұл ретте жалпы басқару ұстанымдары екі топқа бөлінеді: біріншісі- әлеуметтік құқықтық, екіншісі- ұйымдастырушылық.

төмендегілер кіреді:

- орталықтан басқаруды демократияландыру;
- ұлттардың теңқұқылығы;
- жоспарлы басқару;
- басқару ісіне көпшіліктің қатысуы;
- басқаруда заңды неізге алу;

Ұйымдастыру ұстанымдары:

- өкілеттік пен қызметтегі айқындық және дифференциация ұстанымы;

- құзыреттеліктегі жауапкершілік ұстанымы;

- аумақтық салааралық және салалық басқаруды ұштастыру ұстанымы;

- жоғары басқару орындары мен оған тәуелді орындар арасындағы өзара байланыс пен атқарушылық ұстанымы;

- коллегиялық пен басқарушының тұтастығы және коллегияның басшылығы ұстанымы;

Қазақстан Республикасында білім саласын басқару құқықтық негізде бекітілген мемлекеттік Заңдарға сәйкес іске асырылады. Білім туралы Заңда инклюзивті мектеп туралы мәселе көтеріліп, онда дене мүмкіндігі шектеулі жастар мен балалардың қатар білім

алуына, тәрбиеленуі мен дамуына жаңаша көзқарас қалыптастырып, оларды қатарға қосу мәселесіне назар аударылды.

Кез келген мекеменің қызметінде қателіктер болуы мүмкін, бірақ олар заң талаптарынан аспауы тиіс. Басқару кезінде кейбір қателіктердің кетуі де заңдылық, мысалы, құқық бұзушылық белгілерін көрсетуге болады: жекелеген азаматтардың заңды мүддесіне, мемлекетке, қоғамға қайшы істер; заңға қайшы келетін әрекеттер, мысалы, жерге, еңбек қатынастарына, қаржыға т.б. қатыстылары әкімшілік жауапкершілікпен қорғалатындар; кінә тағу жасалған іс қасақана, не болмаса байқамай істелсе де; жазалану бойынша әкімшілік жауаптылығы заңмен белгілеп көрсетілген т.б. Әлеуметтік педагогтар өз қызметінде қаперде тұтатын және күнделікті жұмыс барысында ұстануы тиіс бірқатар ережелер де анықталды, олар педагогтардың әлеуметтік этикалық құзыреттілігі ретінде белгіленді:

– қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік - этикалық құндылықтарды білуі және өзінің кәсіби қызметінде соларға сүйенуі ;

– қызметкерлердің этика нормаларын сақтауы, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын игеруі;

– Қазақстан халықтарының дәстүрі мен мәдениетін білуі;

– әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне төзімділікпен қарауы;

– Қазақстан Заңнамасының және құқықтық жүйесінің негіздерін білуі;

– Қоғамның әлеуметтік дамуының тенденцияларын білуі;

– түрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс бағыт ұстана білуі;

– командада жұмыс істеуге қабілетті болып, өзінің көзқарасын қорғай біліп, жаңа шешімдер ұсына білуі;

– келісімге келіп, өз пікірін ұжым пікірімен байланыстыруы керек;

– кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылуы керек.

Қазақстан Республикасының «Білім Заңында» [5] (Астана 2010), Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 ж. арналған бағдарламасында[6],

«Қазақстан-2050» стратегиясында, Еңбек қоғамына 20 кадам құжаттарындағы және басқа да басқару мәселелеріне арналған еңбектерде басқару ілімінің негізгі ұғымдары, ұстанымдары мен жалпы теориясы қарастырылған. Осылардың барлығына негіздей келе оқу –тәрбие мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық үрдісті басқару ұстанымдарын төмендегіше анықтадық:

1)Шешім қабылдаудан бұрын оны көпшілік педагог қауымның назарына ұсыну арқылы, талқылау және шешімді барлығының қолдауына негіздей отырып шығару;

2)Оқу тәрбие мекемесіндегі жұмыстың тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз ету үшін басқарудың барлық әдіс- тәсілдерінің сабақтастығын ескеру;

3) Стратегиялық мақсатқа қол жеткізу жолында жекелеген әлеуметтік педагогтың іс әрекетінің басқалардың да қимыл әрекеттері мен сабақтастығына мән беру;

4) Әлеуметтік педагогикалық үрдістерді басқаруда оның ғылымилығын назарға алу. Мұнда мемлекеттік құжаттар мен әлеуметтік педагог,

әлеуметтік психолог және басқа да ғалымдардың еңбектерін, тарихи тәжірибелерді негізге алу;

5) Әлеуметтік педагогикалық үрдісті басқаруды болжау(прогноз). Бұл басқару іс- әрекетінің барысын, нәтижеге жету үшін таңдалған іс-шаралардың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

6) Оқушы жастар мен балалардың бойындағы түрліше ауытқуларды реттеуде оқу әрекетінің тәрбиелік ықпалын тиімді пайдалану үшін ынталандыру(стимул) шараларын қолдану;

7) Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік педагогикалық үрдісті басқаруының нәтижелілігіне жауапкершілігін арттыру. Бұл әлеуметтік педагогтың жалғыз өзінің ғана жауапкершілігімен шектелмейді. Сондықтан оқу-тәрбие мекемелеріндегі барлық субъектілерінің күш біріктіруімен қамтамасыз етіледі;

8) Мекемедегі әлеуметтік педагогикалық үрдістің тиімділігі. Бұл мекеме ұжымының ниеттестігі, кез - келген мәселені шешуде басшылықтан бастап барлық педагог қауымның, оған қоса отбасы және жекелеген оқушының өзінің күш біріктіруімен ғана қол жеткізуге болатындығымен ерекшеленеді;

9) Басқару объектісі мен субъектісі, олардың арасындағы ықпалдастықтың жүйелілігі. Бұл - әлеуметтік педагогтың қолданатын барлық шараларының бірізділігі, объектінің ерекшеліктерін ескеруі, әдіс - тәсіл, технологиялардың бір құбылыстың тараптары ретінде қабылдануы мен олардың мақсат - міндеттерге сәйкестігімен қамтамасыз етіледі.

10) Басқару іс- әрекетінде қолданатын әдістер, тәсілдер, технологиялардың қарапайымдылығымен түрлерінің көп және оңтайлы болуы. Әлеуметтік педагогикалық үрдістер қаншалықты күрделі болса да оны басқару әрекетінің қарапайым және жеңіл, оңай жүзеге асатындай болуымен қамтамасыз етіледі.

11) Кері байланыстың сөзсіз орнауы. Бұл бастапқы ахуал мен алынған нәтижені салыстырмалау арқылы анықталады. Нәтижеде кемшіліктер мен жеткіліксіз тұстары айқындалады, болашақ әлеуметтік- педагогикалық іс-әрекеттің бағыт - бағдарын пайымдауға мүмкіндік береді.

12) басқаруда ізгілік пен адамгершілік қағидаларының ескерілуі. Әлеуметтік педагог ұстанатын ережелер мен қағидаларды меңгеру және оны практикада ескеруімен қамтамасыз етіледі.

Келтірілген әлеуметтік–педагогикалық үрдістерді басқару ұстанымдарын қамтамасыз ету тетіктері өзгеше зерттеуді қажетсінеді.

Әдебиттер:

1. Романовский А. Г. ., Основы теории управления социальными системами/ 2001. 325с., с.23-39

2. Подольская Е. А., Управление социальными процессами: Учеб. пособие для студентов, обучающихся по специальности. – Социология (заоч.-дистанц. форма обучения) / Е. А. Подольская; Нар. укр. акад. [Каф. социологии]. – Х.: Изд-во НУА, 2007. – 208 с., с.38.

3. Козырев Г. И. Социальные процессы и изменения / Г. И. Козырев // Социол. исслед. – 2005. – № 3. – С.113–119

4. Штомпка П. Социология социальных изменений. Москва.-1996. 237 с. с.144

5. Қазақстан Республикасының «Білім Заңы».- Астана.- 2010.

6. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011- 2020 ж. арналған бағдарламасы.- Астана.-2010

ЖОО-ДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮРДІСІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

**Сагидулина Л.С.
Орынбасарова К.К.
Ксетаева Г.К
Аманжолов Т.А.
Қазиева А.Т.
Асан М.А.**

Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің оқу үлгерімін көтеру бүгінгі күнде өте актуальды мәселе. Жақсы үлгерім – білім бағдарламасының кемеліне жетіп меңгерілгендігі жайлы куәлік етсе, екінші жағынан қоғамда сұранысқа ие болатын білікті маман даярлаудың кепілі болмақ. Білім алу мотивациясын қалыптастыру заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Білім алу мотивациясының қалыптасуы оқу орнындағы алғашқы күндерден басталады, ал оның нәжелілігі мотивацияның құрлымы мен күшіне байланысты. Студенттердің білім алуға деген мотивациясына әсер ететін факторларды, жоғарғы білім алудың нәтижелілігін арттыру тұрғысынан зерттеу маңызды болып табылады. Зерттеу

жұмысына Алматы қаласындағы, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, жалпы медицина факультеті, 4 курс студенттері арасында 150 студентке ерікті негіздегі сауалнама жұмысы жүргізілді. Сауалнамаға 20 мен 22 жас аралығындағы, 60% -90 әйел адам және 40% -60 ер адам қатысты. Зерттеуді жүргізу барысында студенттерге кәсіптік, коммуникативтілік және әлеуметтік бағыттар 93,3% (140) үлкен маңызға ие екендігі анықталды, әйелдерде 90-нан - 81 (88,8%) коммуникативті және кәсіби бағыты маңызды болса, ал 60 ер адамнан - 50 (83,3%) әлеуметтік және кәсіби бағыт маңызды екендігі белгілі болды. Аталған оқу орнына түсулеріне жетелеген негізгі себептерге: ата-ана кеңесі –6,6 %, мамандыққа қызығушылық - 63,3 %; оқу орнының танымалдылығы – 13,3 %; 16,5 % таңдау кезінде «бәрібір» болғандығын айтады. Сауалнамаға қатысушылардың 80 % өз мамандықтарына көңілі толатындығын айтса, қойылған сұраққа 10% жауап беруге қиналады. Егерде студенттерге қайта таңдау мүмкіндігі берілсе, олардың аталған оқу орнына түсулеріне жетекші себептер келесілер болмақ: болашақта жұмыспен қамтылу мүмкіндігі – 36,6 %,

мамандыққа деген қызығушылық – 83,3 %, жақсы табыс–26,6 %, мамандықтың (оқу орнының) танымалдылығы – 14%, ата-ана кеңесі – 6,6 %. «Сізге білім алу мен жұмысты қатар алып жүруге тура келе ме?» деген сұраққа, «иә» 50,6% (76), «кейде» 32% (48), жұмыс істемейтіндер - 17,3% (26) студенттер кұрады. 82,6% (124) студенттерден: 46,7% (58) медицина саласында, соның ішінде 25,8% (32) өзінің болашақ мамандығына сәйкес, және мүлде басқа салада жұмыс жасайтындар 27,4% (34) кұрады. Сауалнамаға қатысушылардың ішінде ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсенді қатысушылардың үлесі 70%(105) кұраса, қалған 30% (45) мұндай шараларға мүлде қатысып көрмеген. Университеттің спорттық сайыстарға 60% (90 студент) қатысқан.

Білім алу мотивациясын қалыптастыру заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Білім алу мотивациясының кұрылымының қалыптасуы оқу орнындағы алғашқы күндерден басталады. Студенттердің оқуға деген мотивациясына әсер ететін факторларды жоғарғы білім алудың

нәтижелілігін арттыру тұрғысынан зерттеу маңызды болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің оқу үлгерімін көтеру бүгінгі күнде өте актуальды мәселе. Жақсы үлгерім – ол бір жағынан нақты бір мамандық бойынша білім бағдарламасының кемеліне жетіп меңгерілгендігі жайлы куәлік етсе, екінші жағынан қоғамда сұранысқа ие болатын білікті маман даярлаудың кепілі болмақ. Студенттің білімі сапалы, әрі дұрыс бағытта болуы үшін, студент өзі меңгеріп жүрген саласының өмірлік маңыздылығын түсінуі және алған білімдерін өмірлік тәжірибемен ұштастыруы қажет екендігі белгілі. Егерде осылай болмаса, білім алуға кедергі болуы мүмкін болатын барша заттармен шұғылдану, үрдіс кезіндегі теңселулер мен үзілістер орын алады. Осыған орай, біздің көзқарасымызға сәйкес студенттердің үлгерім төмендігіне келесі себептер әсер етеді деп тұжырымдаймыз: білім алушылардың тұлғалық қабілеттері, пәнге деген қызығушылықтың жоқтығы, таңдаған мамандығына көңілінің толмауы, оқытушының білім беру тәсілі мен тұлғалық қасиеттеріне байланысты білім алуға деген қызығушылықтың болмауы.

Біз Алматы қаласындағы, С.Ж. Асфендияров ат. ҚазҰМУ, жалпы медицина факультеті, 4 курс студенттері арасынан 150 студентке ерікті негіздегі сауалнама жұмысын жүргіздік. Сауалнамаға 20 мен 22 жас аралығындағы, 60% -90 әйел адам және 40% -60 ер адам қатысты.

Зерттеу пәні: білім алу мотивациясына әсер етуші факторлар.

Білім алу мотивациясы бірқатар факторлармен айқындалады. Олар: білім беру жүйесі, білім беретін мекеме, оқу үрдісінің ұйымдастырылуы, ұстаздың дара-тұлғалық ерекшеліктері және ең бастысы оның білім алушыға, өзінің жұмысына деген бектілігі; оқытылатын пәннің арнайылығы.

Зерттеуді жүргізу барысында студенттерге кәсіптік, коммуникативтілік және әлеуметтік мотивтер 93,3% (140) үлкен маңызға ие екендігі анықталды. Мұнымен қоса, салыстырылған екі топ студенттерінің арасындағы білім алу мотивациясының құрылымдық ерекшелігі айқындалды: әйелдерде 90-нан - 81 (88,8%) коммуникативті және кәсіби бағыты маңызды болса, ал 60 ер адамнан - 50 (83,3%) әлеуметтік және кәсіби

бағыт маңызды екендігі белгілі болды . Әйелдер тобында негізінен танымалдылық (жақсы студенттердің қатарында болып, ата-анасы мен айналадағылардың көз айымы болу, және т.б.) және коммуникативтілік (үлгі тұтарлық адамдармен танысу, араласу т.б.) бағыттармаңызға ие.Ол негізінен әйел адамдардың ер адамдарға қарағанда ауқымды әлеуметтік байланысқа зәрулігімен түсіндіріледі.

Ер адамдарға: өзінің шығармашылық қалыптасуы (беймәлім нәрселерді үйрену, өзін үздіксіз дамыту), білім алудағы танымдық бағыты (болашақтағы материалдық қамтамасыз етілу деңгейіне әсер ететіндіктен оқуда нық әрі терең білім алу). Алынған нәтижелер ер адамдардың психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді, яғни ер адамдар өздерінің белсенділіктерін нақты бір шығармашылық іске бағыттай алады «сөзбен емес, іспен дәлелдеу». Ер адамдар үшін шығармашылықпен айналысу, жаңа білімге қол жеткізу жақсы баға алғанға қарағанда маңыздырақ болып келеді.

Сауалнаманың нәтижесі студенттерді білім алуға жетелейтін қызығушылықтар мен бағыттарды;

үлгерім түрін және таңдаған мамандыққа көңілінің толу деңгейін анықтады.

№ 1-диаграмма.



123

Аталған оқу орнына түсулеріне жетелеген негізгі себептерге респонденттердің жауаптарының талдамы бойынша студенттер төмендегі себептерді көрсетеді: ата-ана кеңесі –6,6 %, болашақ мамандыққа қызығушылық -63,3 %; Оқу орнының танымалдылығы – 13,3 %. Осыдан былай қорытынды жасауға болады: көбіне талапкерлердің мамандық таңдаудағы басты себеп медицина саласында жұмыс істеуге құлшыныс

болып табылады. Соның өзінде сауалнамаға қатысушылардың 16,5 % оларға таңдау кезінде бәрібір болғандығын айтады.

Бірақ,сауалнамаға қатысушылардың көп пайызы (80 %) өз мамандықтарына көңілі толатындығын және қайта тапсыру мүмкіндігі туса, осы жерге қайта түсер едік деп сенімділік танытқанын айта кету керек.Қойылған сұраққа 10%«негізінентүскен оқуларына күдікпен қарайтындары және таңдаған мамандығы өзіне қызық па, жоқ па айқындамағандары» жауап беруге қиналады.

Егерде студенттерге қайта таңдау мүмкіндігі берілсе, олардың Аталған оқу орнына түсулеріне жетелеген негізгі себептертөменде көрсетілген:

№ 2-диаграмма



- Болашақтағы жұмыспен қамтылу мүмкіндігі – 36,6 %,
- Мамандыққа деген қызығушылық – 83,3 %,
- Жақсы табыс–26,6 %,
- Мамандықтың (оқу орнының) танымалдылығы – 14%,
- Ата-анакеңесі– 6,6 %.

Осы мәліметтерге қарап студенттер қоғамда сыйлы әрі сұранысқа ие болу мақсатымен, және өзінің жеке мүддесі мен қабілет қарымына сәйкес келетін мамандықты таңдайтындығын көреміз.

№ 3-диаграмма.

125



Студенттердің әр курстағы үлгерім деңгейлеріне талдау жүргізбесекте, 4-курста оқу үлгерімнің айтарлықтай жоғарылайтындығын студенттердің көпшілігі атап өтті. Оның себебін соңғы курстардағы мамандыққа қатысты арнайы

дисциплиналар оқытылғандықтан білім арудың бастапқы кездеріндегі жалпылама білім беру пәндерінен қиналған студенттердің өздеріне жеңілдеу, қызықтырақ болатындығынан деп тұжырымдаймыз.

№ 4-диаграмма.



(№ 4-диаграмма.) «Сізге білім алу мен жұмысты қатар алып жүруге тура келе ме?» деген сұраққа, «иә» деп жауап берген студенттер 50,6% (76), «кейде» - деп жауап берген студенттер 32% (48), жұмыс істемейтіндер - 17,3% (26) құрады.

Бүкіл әлем бойынша білім алу мен жұмысты қатар алып жүретін студенттер қатары артып келеді. Осыған орай жұмысқа бөлінетін уақыт мөлшеріде ұлғаяды. Бұл құбылыстың себептерін кешенді түрде қарастыру керек. Бір жағынан, дәстүрлі емес жұмысбастылық түрлерінің дамуы белең алып келеді, мысалға, бөліктік, кестесі ыңғайлы жұмыс. Осындай жұмыс түрі жұмыс берушіге де (келісім шарт бойынша жұмыс, төлемақыны үнемдеу) жұмыс пен білім алуды қатар алып жүрген студенттерге де қолайлы. Екінші жағынан элиталық болып саналатын жоғарғы білім алудың жалпылық түрге айналуына байланысты сапасы төмендейді. Осының нәтижесінде студенттердің жоғарғы жұмыс өнімділігінің белгісі болып саналатын куәліктің мән-мағынасы төмендеп кеткен. Бұл жағдайларда жұмыс берушілерге студенттің қабілеті, өнімділігі және ұстанымдары жұмыс тәжірибесі жайлы белгіні анықтайды. Дәл осы жағдай қазіргі Қазақстанға тән. Жұмыс пен білім алуды қатар алып жүрген 82,6% (124) студенттерден, 46,7% (58) медицина саласында жұмыс атқарады, соның ішінде 25,8% (32) өзінің болашақ мамандығына сәйкес, және мүлде басқа

салада жұмыс жасайтындар 27,4% (34) құрады. Айта кету керек жұмыс жасайтын студенттердің көпшілігі 75% тұрақты жұмыс істесе, 20% келісім шартқа және контракт негізінде, 9,5% бір реттік тұрақсыз жұмыспен шұғылданған. Білім алу мен жұмысты қатар алып жүргендердің негізгі бағыттары финанстық факторларға қарағанда, барынша көп мөлшерде тәжірибе алу мақсаты басым екендігі сауалнама нәтижесі дәлелдейді. Яғни, жұмыс берушілер тәжірибені бағалайтындықтан жұмыс істеушілердің 74% ЖОО тәмамдағаннан кейінгі жұмысқа тұруға жақсы мүмкіндік беретіндігін айтса, ал 25,8% табыс табуды негізгі деп санайды. Сауалнамаға қатысушылардың 12% білім алу мен жұмысты бірге алып жүрудің маңызы ретінде «керекті таныстармен байланыстар табу» деп санайды.

Студенттердің оқу үрдісіндегі нәтижелілігі ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалына байланысты екендігі белгілі. Ұжым ахуалы көптеген факторлармен анықталады, солардың ішінде маңыздысы екеу:

1. Жалпы оқу орнындағы және нақты ұжымдардағы (яғни, ұйымдастыру, санитарлық-гигиеналық элементтермен, әдебиеттермен қамтамасыз ету және т.б.) факторларға байланысты.

2. Моральды-психологиялық фактор (яғни топтардағы, бөлімдердегі, зертханалардағы, кафедралар мен факультеттердегі жүріп жатқан үрдістер).

Біздің университетте әлеуметтік-психологиялық, моральды-рухани ахуалды студенттердің 33,3% позитивті және 10% негативті бағаласа, 53,3% бейтарап тарапты ұстанады. Тұлға аралық қарым-қатынастың үйлесімді болуына оқу орнындағы әр түрлі бағытта өтетін ғылыми-тәжірибелік конференциялардың өтуі оңтайлы әсер етеді. Конференциялардың мақсаты — студенттердің өзіндегі, өзгелердегі күрделі әлеуметтік қарым-қатынастарды қалай танып, қабылдап жатқанын және оның кәсіби жұмыс жайлы ойының қалыптасуын, сәйкес әлеуметтік және кәсіби қасиеттерін анықтауды, белсенді шығармашылық жұмыспен шұғылдану қажеттілігін, жоғарғы дәрежелі кәсіби деңгейге жетуге мүмкіндік екенін көрсету. Сауалнамаға

қатысушылардың ішінде ғылыми- тәжірибелік конференцияларға белсенді қатысушылардың үлесі 70%(105) құраса, қалған 30% (45) мұндай шараларға мүлде қатысып көрмеген. Университеттің спорттық сайыстарға 60%(90 студент) қатысқан.

№ 5-кесте. СТУДЕНТТІК ӨМІР – ОЛ ТЕК БІЛІМ АЛУ ЕМЕС (Сіз осы шараларға қатысып көрдіңіз бе?)

Шараларға қатысу	Иә	Жоқ
Ғылыми-тәжірибелік конференциялар	70%-105	30%-45
Мейрамдар мен кештерді ұйымдастыру	70%-105	20%-30
Саяси митингтер мен шаралар	20%-30	66,6%-100
Спорттық жарыстар	60%-90	23,3%-35
Студенттік кеңес отырыстары	46,6%-70	40%-60
Сенбіліктер	66,6%-100	23,3%-35

130

Келтірілген кестеде университеттің қоғамдық өмірі мен ғылыми- тәжірибелік конференцияларға қатысқан студенттердің максимальды саны берілген.

Университеттегі оқытушының жаңашыл бағыттағы өзіндік жұмысының мәні - шынайы педагогтың мән-мағынасын қайта жандандыру болып табылады, яғни білім алушыны кірістіру, қолдау, жетелеу. Әр студентке

өзіндік мүмкіндіктерін бағамдауына, таңдаған мамандығының мәдени әлеміне кіруіне, өзінің өмірлік жолын табуға көмектесу—университеттің заманауи оқытушыларының алған негізгі бағыты болып табылады.

Оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасты бағалау.

1. Оқу үрдісіндегі іскерлік және өзара жақсы қарым-қатынасқа 100% (150) студент баға берді.

2. Оқу үрдісінен тыс іскерлік және өзара жақсы қарым-қатынасқа 90% (135) студент баға берді;

3. Шамамен респонденттердің 20%-30% өздерінің оқытушымен арасындағы қарым-қатынасын негативті бағалап, оқытушы жағынан немқұрайлылық болғанын және олардың қабілеті мен талпынысын өз деңгейінде бағаламағандығын айтады.

Оқытушылар мен студенттер арасындағы іскерлік және өзара жақсы қарым-қатынас тек сапалы білімнің ғана емес сондай-ақ студентті тәрбиелеудің кепілі болмақ. Оқытушының үлгі-өнегесі – студенттің әлеуметтік өмірге бейімделуін және оқытушының нәтижелі жұмыс атқарғандығын

дәлелдейтін өте маңызды көрсеткіш. Бірақ, оқытушының оқу үрдісінде шешетін мәселелерінің бірі ол студенттің меңгеріп жатқан пәнге қызығушылығын арттыру болып табылады. Егерде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы ортақ қызығушылық маңайында өрбісе білім алу нәтижелілігі максимальды болмақ.


Бізге студенттердің оқытылатын пәндерге, сабақтарға деген жүйелі қызығушылықтарын тіркеуге мүмкіндік туды. Сол қызығушылықтардың ішінде келесілеріне басымдылық берілген:

№6-диаграмма. Студенттердің оқытылып жатқан пәндер жүйесіне қызығушылықтары.

1. Студенттердің 73,3% (110) «Жалпы хирургия» пәніне және сол пәннің жүргізілу ерекшеліктеріне қызығушылық танытады;
2. Студенттердің 70% (105) «Балалар аурулары» оқытушыларының пәннің болашақ мамандықпен байланысын көрсете алуы қызықтырады;
3. Студенттердің 68% (102) «Балалардың жұқпалы аурулары». Шамамен барлық студенттер оқытушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін (мәдениеттілік және білімділік деңгейлері,

интеллигенттілік, сыпайылық, нақтылық, өзіндік принциптерін) бағалайды;

4. Студенттердің 20-10% (30 дан 15-ке) негізінен оқытушының білім берудегі шеберлік-тәсілдеріне айрықша көңіл аударады: өз пәнін оңай жеткізе білуі, студенттермен қарым-қатынас жасаудағы өзін-өзі ұстауы, студенттің ерекшеліктерін ескеруі, әрине маңыздысы оның клиникалық ойлау қабілетін белсендіруі.



Оқытушының өз пәнін топтағы барлық студент түсінетіндей етіп жеткізуі – студенттердің арасында жоғары бағаланатын сапалық қасиет болып саналады. Олардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас көбіне осыған байланысты. Білім алушылар оқытушының жұмысына ғана емес, сонымен қатар оның нақты бір пән бойынша жүргізген сабақтарынада көңілдерінің толатындығын айтады.

Қорытынды:

1. Медицина бағытындағы оқу орнында жалпы алғанда негізінен кәсібилік, коммуникативтілік, әлеуметтік бағыттарға басымдылық беріледі.

2. Болашақ дәрігерлердің білім алуғағы мотивация құрылымының жыныстық ерекшеліктері айқындалды: әйел адамдарға - коммуникативті және кәсібилік бағыттар басымрақ болса, ал ер адамдарда - әлеуметтік және кәсібилік бағыттар басым.

3. ЖОО студенттердің білім алуы –білімді, керекті қасиеттерді меңгеруін әрі дамытуын, сондай-ақ, студенттердің жеке тұлғалық қалыптасуын – басқаруға келетін үрдіс.

4. Оған оқытушылардың әсері өте орасан зор, яғни университет қабырғасынан қандай студенттің шығатындығы, оның білім қорының қандай болатындығын анықтайды.

5. Сонымен қатар оқу үрдісіне студенттердің де әсері аз емес. Оқытушының жалпы топпен, оның ішіндегі жеке студенттермен жүргізетін жұмысының бағытын айқындайды.

6. Білім алудың нәтижелілігін айтарлықтай жоғарылату және жаңадан үйренген нәрселерден оң эмоциялар алу үшін мотивацияны сауатты басқару қажет.

Әдебиеттер:

1. Бадмаева Н.Ц. Влияние мотивационного фактора на развитие умственных способностей: Монография. Улан-Удэ, 2004. С. 151-154.
2. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Педагогика, 2006.
3. Козлова Н.В., Берестнева О.Г., Шелехов И.Л. Особенности личностного и профессионального становления студентов университета. Вестн.

- Томского гос. пед. ун-та. 2009. Вып. 9 (87). С. 103-107.
4. Реан А.А., Коломинский Я.Л. Социальная педагогическая психология. – СПб.: Питер, 2000.
 5. Якунин В.А. Психология учебной деятельности студентов. – М. С.-Пет., 1994.
 6. D'Mello M. Gendered Selves and Identities of Information Technology Professionals in Global Software Organizations in India. Information Technology for Development. 2006. V. 12 (2). P. 131-158.
 7. Черешнева А.Ю., Сидорова С.Н. Факторы успешного обучения студентов в ВУЗе // Успехи современного естествознания. – 2013. – № 10. – С. 157-157;
 8. Штарке К. Студенты. Становление личности. Перевод с немецкого. М.: Прогресс, 2010.- 136с.
 9. Сырова Н. В., Серова О. В. Проблемы формирования культуры взаимоотношений педагогов и студентов в вузе // Молодой ученый. — 2015. — №11. — С. 1486-1490.
 10. Молокова О. А. К вопросу об оценке студентами взаимоотношений с преподавателями //Вестн. Томского гос. пед. ун-та, 2013, вып. 1 (129), С. 38–41.

11. Сырова Н. В. Этические отношения как механизмы профессионального развития студентов
Текст/Диссертация 13.00.08 — теория и методика профессионального образования, Н.Новгород, 2005г.
Основные термины (генерируются автоматически):
межличностных отношений, нравственных отношений
12. Пучков А.А. 2013. Социальное взаимодействие преподавателей и студентов в условиях модернизации системы высшего образования Российской Федерации: автореф. дис. ... к.соц.н.
Нижегород, 2013, 32 с.
13. Стегний В.Н., Пучков А.А. Информационные процессы в вузе как фактор эффективности взаимодействия «преподаватель – студент». – Власть, 2013, № 5. С. 115- 123.
14. Арсентьева М. В. Психологические факторы успешного обучения студентов в ВУЗе. Журнал- Известия Тульского государственного университета. Технические науки Выпуск № 11-2 / 2012
15. Чирков В.И. Мотивация учебной деятельности. Ярославль, 2005.

**ЖОО БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕР
МАМАНДАРЫНА
КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ**

Крыкбаева С.М.

Иманкулова Л.Б.

Бакирова Л.Ш.

Кипшаков С.А.

Бұл мақалада ЖОО болашақ дизайнер мамандарына кәсіби білім берудің мазмұны баяндалады. Мемлекет пен қоғам талаптарына жауап беретін, заманауи кәсіби міндеттерді шешуге қабілетті дизайн мамандарына деген әлеуметтік сұраныс дизайнның адам өмірінің сапасын арттыру факторы ретіндегі дамуымен байланысты. Дизайн кәсіби қызмет түрі ретінде елімізде жақында ғана пайда болғандықтан, бүгінгі кәсіби дизайнерлік білім беру жүйесі әлі де болса қалыптасу үрдісінде.

Бүгінгі кәсіби дизайнерлердің саны мен сапасы осы сала бойынша қоғамда пайда болған сұраныстарды толық қамтамасыз ете алмайды, ал, негізінен батыстық әріптестер мен тәжірибеге, техникалық эстетика

факультеттері мен кеңестік көркем-өндірістік ЖОО-ның тәжірибелеріне сүйенген кәсіби дизайн білім беру енді ғана дамып келеді. Дизайн-білім берудің теориясы мен практикасын талдау көрсеткендей, дизайнердің кәсіби мәдениетінің дамуы әрдайым жоғары бола бермейді. Бұл өз кезегінде кәсіби жобалау қызметінің өнімдеріне кері әсер етіп, ол болса жалпы қоғам дамуына ықпал етеді.

Болашақ дизайнерлерді дайындау сапасына байланысты «Кәсіби құзіреттілік» ұғымы жақын арада ғана қолданылып жүр әрі олардың шығармашылық және кәсіби қабілеттерінің жиынтығын танытады.

Соңғы онжылдықта дизайн-білім беру әлемдік білім беру жүйесінің маңызды салаларының біріне айналды. Қоғам өмірінің барлық саласына дизайнның ықпалы артып, жалпы және жобалау мәдениетіндегі өзара ықпалдастықтың жаңа талаптары мен түрлері туындады. Дизайн-білім берудің дамуы аталған мамандарды дайындаудағы дәстүрлі талаптарды, өзектілік пен мақсат-міндеттерді қайта қарауды тудырды.

Дизайнды адамның көркемдік-жобалау қызметінің түрі ретінде қарастыру ЖОО педагогтары

алдына жаңа міндеттер қояды және оларды кәсіби дайындауда тиімді тәсілдерді іздестіруге жетелейді. Сонымен қатар, ЖОО бұл мәселені шешудің басты міндеті шығармашылық тұрғыда ойлап, әрекет ете білетін жоғары кәсіби мәдениетке ие тұлға қалыптастыру болып табылады.

«Дизайнер» мамандығы – кәсіби қызметтің интегративті түрі болып табылады және техникалық, архитектуралық, көркемдік, экологиялық, әлеуметтік т.б. сияқты кәсіби дайындық түрлерін интеграциялауды көздейді. Осыған байланысты, дизайнерлерді кәсіби дайындаудың мақсаты түрлі кәсіби саладағы (техникалық, гуманитарлық, көркемдік, экономикалық, экологиялық т.б.) білім, білік, дағдылар кіріктірілген кәсіби мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Дизайнерлік білім беруді – дизайнның ғылыми негізі туралы жүйелі білімдерді студенттердің меңгеруі, қазіргі жағдайда дизайнерлік жоба жасау тәжірибесін шығармашылықпен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болу және дизайн мәдениетіне деген бағалы көзқарас пен оның нәтижесі ретінде танимыз. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлауда дизайнерлік білім берудің мақсаты олардың дизайнерлік

ойын дамытып, дизайн тарихына, дизайн негіздерін құрайтын біртұтас көзқарас қалыптастыру болып табылады [1].

Дизайн өнерінің кәсіби қызметі өнер, техника, технология сияқты өнердің әр түрлі кәсіби облыстардың элементтерін өзіне жинақтап біріктіреді. Бүгінгі күнгі жоғарғы білім беру жүйесінің ауқымды міндеті тек қана халықаралық деңгейге сәйкес келетін маман даярлау ғана емес, өз кәсібінің қызметін жоғары білікті жүзеге асыруға қабілетті маман даярлау болып табылады. Конкуренция жағдайында өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық тенденциялар мен жеке тұлға тәрбиесін қоғамның қазіргі мәдениетін жоғарғы деңгейде қалыптастыруға қабілетті қазіргі дизайнерде кәсіби білім, іскерлік пен дағды болуымен қатар орындалған іс-әрекеттің өнімділігі деңгейіне байланысты болатын, кәсіби мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде танылады.

Сондықтан, дизайнерлік білім мәдениет қызметінің бір түрі ретінде жоғары мәдениетті кәсіби адам ретінде болашақ дизайнерді тәрбиелеудегі өзіндік ерекшелігі бар мәселелермен ұшырасады. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында кәсіби – шығармашылық ойдың жаңа стилін қалыптастыру, тұлғалық бағдарлық

іс-әрекетке сүйену, қазіргі білім беру технологиясын ендіру, білім беру мазмұнын гуманизациялау және қазіргі жоғары дизайнерлік білім беруді, дамыту тенденциялары мен басты мұратты анықтайтын басқа процестерді қалыптастыру негізгі фактор болып табылады. Дизайнерлік жоғары білім берудің негізгі мақсаты – тар шеңбердегі бейіндік даярлық емес, жалпы мәдениеттік, әлеуметтік даралық мәні бар жеке шығармашылық тұлғаның деңгейін үздіксіз дамыту, кәсіби мәдениетті қалыптастыру болып табылады [2].

Болашақ дизайн мұғалімдеріне көркемдік білім берудің басты мақсаттарын негізге ала отырып, біз дизайн өнеріне бағалы көзқарасты қалыптастыру, дизайнерлік құндылықтарды қабылдауға деген мүмкіндікті дамыту, дизайнерлік білімді меңгерту, дизайнерлік іс-әрекеттерді қалыптастыру; дизайнерлік білімдерді, шеберліктер мен дағдыларды меңгеруге деген қызығушылықты дамыту; дизайнерлік өнер дәстүрлерін және өзіндік мәдениетін игерту; студенттердің дизайн өнеріне деген сұранымын қанағаттандыру үшін жағдай жасау; дизайнерлік құндылықтарды тану негізінде эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, студенттердің дизайнерлік білімі

мазмұнының негізіне дизайнның теориялық және әдістемелік принциптерін ендіру; дизайнерлік білім беру тұжырымдамасын жасау; дизайндық жоба жасау идеялары мен ұстанымдары алынады.

Дизайн білімі мазмұнының құрылымы жоғары оқу орындарындағы оқудың барлық кезеңінде жеке адамды дамытудың жас мөлшері кезеңдеріне сәйкес оның мақсаттары мен міндеттерінің байланысын қамтамасыз етуге тиіс. Жоғары оқу орнында дизайн білімін беру – тұтас педагогикалық білім берудің құрамдас бөлігі. Сондықтан, дизайнерлік білім берудің мазмұнын айқындау кезеңінде біз дизайн саласының белгілі ғалымдарының, жалпы дизайнерлік білім беру жөніндегі ойларын басшылыққа аламыз. Олардың еңбектерін талдау дизайнерлік білім берудің басты қызметі – алдыңғы ұрпақтар жинағы дизайнерлік тәжірибені үйрету деп тұжырымдауға негіз болады [3].

Дизайнды жоғары педагогикалық оқу орны жағдайында оқыту – студенттерге өнер арқылы оқыту мен өнер арқылы тәрбиелеу жөніндегі тәжірибені бере білу, оларды кәсіптік дизайнерлік-педагогикалық қызметке даярлау, білім мен шеберлікті, практикалық қызмет дағдысын, педагогикалық болмысқа және тұтас

алғанда қоршаған ортадағы заттар формасына деген әсемдік көзқарасын қалыптастыру болып табылады.

Болашақ ұстаздарға дизайнерлік білім беру мазмұнында өзара байланысты төрт бағытты бөліп көрсету қажет. Олар:

- болашақ мұғалімнің дизайн өнеріне деген біртұтас көзқарасты қалыптастыруды қамтамасыз ететін, танымдық және практикалық қызметінің дұрыс әдістемелік біліммен қаруландыратын мәдениет, дизайн тарихы туралы білім жүйесі;

- көптеген нақты қызметтің (танымдық, бағалы еңбек және т.б.) негізі болып табылатын және болашақ педагогтардың дизайнерлік мәдениетті сақтау қабілетін қамтамасыз ететін жалпы интеллектуалдық және дизайнерлік практикалық дағдылардың шеберліктердің жүйесін меңгерту;

- болашақ мұғалімдердің дизайнды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану жөніндегі педагогикалық қызметінің тәжірибесін меңгерту;

- болашақ мұғалімдердің бойында сенімдерді, құндылықтар жүйесін қалыптастыру шарты болып табылатын біліммен, іскерліктермен бірге

айналадағы көркемдік болмысқа эмоциялық – еріктік көзқарас тәжірибесін қалыптастыру болып анықталады.

Дизайнерлік білім беру мазмұны дизайнерлік қызметке мұғалімнің теориялық, практикалық, адамгершілік психологиялық тұрғыдан даярлығы мазмұнының бір бөлігі ретінде ұсынылуға тиіс. Мұғалімнің студенттерді дизайнерлікке оқыту мазмұнын анықтаудың бастапқы нүктесі ретінде теориялық даярлығын айқындайтын білімдер жиынтығы туралы мәселені есептеген орынды. Мұғалімнің дәстүрлі ұғымдағы теориялық даярлығының мазмұнын дизайнерлік білім мазмұнының бірінші бағытымен ұштастыру. Теориялық білім мазмұнын форма, пропорция, форма құрылымы, модель, макет, көркемдік конструкция, жоба, форма әсемдігі, демонстрация, симметрия, ритм, акцент экспозиция, т.б. ұғымдары құрайды. Практикалық іс-әрекеттерге: жоба ізденісі, форма құрау, моделдеу, эскиздеу, маркеттеу, жобалау, безендіру, демонстрациялау, экспозициялау жобаны талдау, жобаны рәсімдеу т.б көркем болады. еңбек дағдыларын қосуға Осы білімдер мен дағдыларды игеру болашақ мұғалімді дизайнерлік болмысты танып – білудің және оны қайта түлетудің теориялық –

әдістемелік жолдарымен қаруландыру тиіс. Бұл әдістерді меңгеру қызмет әдістерін, нақты педагогикалық фактілерді, сондай-ақ педагогикалық құбылыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жекелеген жақтары туралы бағамды пікірлерді зерттеуді талап етеді [4].

Болашақ дизайн мұғалімнің практикалық даярлығын дизайнерлік білім мазмұнының екінші элементімен жалғастыру алынған білім негізінде дизайнерлік шеберліктерді қалыптастыруды көздейді. Дизайнерлік шеберлік – теориялық білімдерге негізделген және жоба жасау міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекеттердің жиынтығы.

Болашақ мұғалімнің жоғарыда атап өткен дизайнерлік қызметке даярлығы шығармашылық қызмет тәжірибесінің, әсіресе арнайы ұйымдастырылған аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтар арқылы жоғары оқу орнының қабырғасында қалыптасатын болмысқа дизайнерлік шығармашылық көзқарастар тәжірибесі негізгі қызмет атқарады. Шығармашылық қызмет тәжірибесі (дизайнерлік білім беру мазмұнының үшінші элементі) іс-әрекеттердің қатаң жүйесін көрсетуге мүмкіндік бермейді. Өйткені дизайнердің өзі

жасайтын болғандықтан, бұл жүйе әрдайым бұл іс-әрекет бірегей.

Студенттерді дизайн туралы материалдарды шығармашылық тұрғыда пайдалануға интеллектуалдық белсенділігін ұдайы көтеру арқылы үйретуге болады. Дизайнерлік білім беру мазмұнының бесінші бағыты дизайнердің әлеуметтік және кәсіптік көзқарастарын қалыптастыру қажеттілігіне, яғни айналасындағы өмір шындығына, өз халқының тарихын, оның тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, дінін, эмоционалдық бағалау тұрғысындағы қарым-қатынас жүйесіне байланысты туындайды. Бір жағынан көзқарас қазіргі замандағы қоғам алға тартып, ұсынатын талаптарымен, үміт-сенімдерімен және мүмкіндіктерімен айқындалады, екінші жағынан оны ұлттық ой түйсігі, талап-тірегі, дәлелдері, құндылықтары, танымдары, көзқарастары іске қосылады. Педагогтің жеке басының қалыптасуы, мінез-құлқы мен әлеуметтік бағдары, азаматтық іс-әрекеттері мен қызметі оның дәл осы көзқарастарынан көрініс табады.

Педагогтің шынайылыққа деген дәлелдік құндылық қатынас мұғалімнің жеке басының негізін құрайтын бағыттан байқалады. Дизайн пәнінің

мұғалімінің ерекше назар аударып, ден қоятын нәрсесі болашақ педагогтің мамандыққа, дизайн пәніне деген өз басына деген қатынастар жүйесінен тұратын, кәсіптік-педагогикалық бағытты қалыптастыру болуы тиіс. Дизайн мұғалімі өз пәнін терең біліп және одан сабақ беру әдістемесін игерген, адамгершілікті жеке басын қалыптастыруға күш-жігерін жұмылдыруы тиіс.

Сонымен, дизайнерлік білім беру мазмұны кәсіпқой дизайнердің біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағдар сілтеу керек, тек қажетті білім, іскерлік пен дағды жиынтығына айналмауы тиіс. Шығармашылық қызмет және педагогикалық қызмет тұтастай алғанда қоршаған әлемге деген дәлелдік – құндылық қатынастар тәжірибесі оның органикалық құрамдары болып табылады. Оның интерпретациясының неғұрлым қолайлы нысаны – дизайн білімдері, оған практикалық және адамгершілік – психологиялық компоненттер кіреді.

Педагогикалық жоғарғы оқу орнында оқытуға тиісті дәрежеде ұйымдастырылғанда дизайнерлік білім беру мазмұнының барлық төрт бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылуға тиіс. Дизайнерлік білім беру мазмұны аудиториялық сабақтардың алуан түрлі

нысандары: лекциялар, семинарлар, лабораториялық – практикалық сабақтар, арнаулы курстар, арнаулы семинарлар арқылы; аудиториядан тыс сабақтар: педпрактика, ғылыми зерттеу және курс жұмыстары, рефераттар, диплом жұмыстары, кездесулер, тақырыптық кештер, дөңгелек стол, лекторилар, экскурсиялар, пікірталастар, конференциялар, конкурстар, көрмелер, КВН, олимпиадалар арқылы іске асырылады.

Дизайнерлік білім беру әдістері: әңгімелесу, пікір алысу, сұхбат, тренинг, сынақтан өткізу, түсіндіру, талқылау, сараптау көрсету, көз жеткізу, жаттығу және т.б. болып анықталады. Дизайнерлік білім берудің құралдары: костюм дизайны, жиһаз дизайны, сәулет дизайны, жарнама дизайны, көлік дизайны, ландшафт және т.б. дизайн түрлеріне қатысты иллюстрациялар, фотосуреттер, макеттер, аудио-видео мүмкіндіктер, вертуалды мүмкіндіктер болып табылады [5].

Дизайнерлік білім беру нәтежиесі: болашақ бейнелеу өнері мұғалімінің дизайн материалдарын практикалық қызметке пайдалануға қажетті және дизайнды оқытуға қажетті теориялық дайындығы,

практикалық дайындығы, адамгершілік – психологиялық дайындығының болуымен айқындалады.

Жоғарғы оқу орындарында оқылатын көркемдік өнер пәндерінің мазмұнын болашақ мұғалімдер даярлаудағы гуманизациялаудың іргетасы болып табылады. Болашақ мұғалімдердің дизайнерлік білімін студенттердің көркемдік – практикалық білімінің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Дизайнерлік білім бір тұтас педагогикалық білімнен тыс қарастырылмайды. Дизайнерлік білім болашақ бейнелеу өнері мұғалімдері үшін дизайн негіздері курсына оқу кезінде жүзеге асырылады. Дизайнды оқыту әдістемесінің білімі арнаулы пән ретінде оқытылуы арқылы жүзеге асады.

Дизайнер қызметі, басқалар сияқты ұтымды орындалуын қамтамасыз ететін кәсіби маңызды сапа жүйесі негізінде жүзеге асады. Дизайнердің маңызды кәсіби сапасы ретінде жүйке жүйесінің қасиеті, психологиялық үдерістер, жеке тұлғалық ерекшеліктері, бағыттылық сипаты, білімі мен көзқарасы көрініс табады. Дизайнер қызметінің негізгі ерекшелігі болып шығармашылық және тәжірибелік іс-әрекеттерінің үйлесуі болып табылады. Бұл көрсетілген ерекшеліктер өз кезегінде дизайнер маманының кәсіби қызмет

бағдарын анықтап, дизайнер қызметінің ерекшелігін көрсетеді [6].

Жас маман даярлау проблемасы педагогика ғылымындағы зерттелудегі маңызды проблемалардың бірі. Жас маман тәжірибелік жұмыстың барлық бағытында ұжымдағы адаптациясының қажеттігі, маңызды іс-тәжірибелердің жеткіліксіздігі, өз кәсіби қызметінің ұйымдастыру дағдыларының кемшілігі сияқты қиындықтар кездеседі. Осы проблемалардың ішінде шығармашылық мамандықтар үшін маңыздысы негізгі әр түрлі өнердің синтезінен құралатын және кәсіби қызмет болып табылатын дизайн өнері танылады.

Қорыта айтқанда, болашақ дизайнер мамандарына дизайнерлік білім беруді – дизайнның ғылыми негізі туралы жүйелі білімдерді студенттердің меңгеруі, дизайнерлік жоба жасау тәжірибесін шығармашылықпен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болу ретінде тануымызға болады.

Әдебиеттер

1. Могильная А.В. Развитие профессионального дизайна как фактор повышения конкурентоспособности. Промышленность Казахстана. 2006.- №37.-С.52-53.
2. Глазычев В. Очерки по теории и практике дизайна на Западе. М: Искусства, 1970.
3. Другов Д. Человек - образ жизни – дизайн интерьера. -М.: Изд.цент. «Табурет», 2001.
4. Иттен Н. Искусства цвета. -М.: «Гелла-Принт», 2000.
5. Ералин Қ, Ералина Ғ. Дизайн негіздері. 2012ж.
6. Кантер К. Дизайн в противоречивых культуры и природы. -М.: Интер-Эксперт, 2000.

References

1. Mogilnaia A.V. Developing a professional design as a factor in uncompromising ability. Industry of Kazakhstan. 2006.- 37.-C.52-53.
2. Glazchev V. Theory and Practice of Design in Zapad. M: Arts, 1970.

3. Drugov D. Personality - image of life - interior design. -M .: Researcher. Stool, 2001.
4. Itten N. Art is in color. -M .: "Hell-Prints", 2000.
5. Eralin K., Eralina G. Design basics. 2012.
6. Canter K. Designs in anti - inflammatory culture and perfumes. -M .: Inter-Expert, 2000.

